



www.farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

Ushqyr oıla! Bikkе samǵa! Álemdi sharla!

Farabı

№05
мамыр
2024

shákirti

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ



Дінмұхамед ШАМШАТОВ,
Алматы қаласы, М.Базарбаев атындағы
№138-гимназияның түлегі.
«Алтын» белгі иегері

"Farabi shákirti" зерек жасөспірімдерге арналған Республикалық басылым

**Құрметті Қазақ баспасөзінің жанашыры ата-ана!
Оқырман! «Farabi shakirti» журналына
2024 жылдың II-жарты жылдығына, яғни**

6 айына жазылу жалғасуда:

Қала бойынша: 6 айға жазылу бағасы: 3161 теңге 40 тиын;

Аудан-ауыл: 3187 теңге, 20 тиын.

Индекс: 76081

Электронды журналға жазылу:

6 ай – 3079 теңге, 80 тиын; 3105 теңге 60 тиын.

Индекс: 26081

Әлеуметтік желідегі парақшаларымыз:

[https:// farabishakirti.kz;](https://farabishakirti.kz)

 [farabishakirti.kz;](https://farabishakirti.kz)

 [farabishakirti.kz;](https://farabishakirti.kz)



Байланыс: 87017309312

Зерек жасөспірімдерге арналған Республикалық басылым

Farabi shákirti

№05 (57) мамыр, 2024 жыл

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап,
айына 1 рет шығады (Электронды нұсқа).**

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**

Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**

Тамила ИБРАГИМОВА

Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАН**

Редакцияның мекенжайы: 040600

Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздік, 81

87017309312

E-mail: farabi_shakirti@mail.ru

ТАРАЛЫМЫ – 228 ДАНА

Журнал Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде
28.01.2019 жылы тіркеліп,
№17481-Ж куәлігі берілді.

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік
мекемесі Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және
желілік басылымды қайта есепке қою туралы

КУӘЛІК № KZ92VPY00083151

Астана қ. Берілген күні: 04.12.2023 ж.

Атауы: Желілік басылым, www.farabishakirti.kz

Тілі: Қазақ тілі.

Шығу жиілігі: Тәулік бойы

Меншік иесі: ТОО "MODERN MEDIA ALMATY" ЖШС

Тақырыптық бағыты: Мектеп мұғалімдері мен орта және
жоғары оқу орындары оқытушыларына, сала мамандарына,
магистранттар мен жасөспірімдерге арналған Республикалық
желілік басылым-сайты

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:

17.02.2021, KZ43VPY00032526

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы
мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап
бермейді.

Абайдың қанатты сөздері

(Өмір, уақыт туралы)

Алланың өзі де - рас, сөзі
де - рас.

Өмір – мұхит, уақыт
толқын.

Өмірдің алды – ыстық,
арты – суық,
Алды – ойын, артқы жағы
– мұңға жуық.

Азат басың болсын құл,
Қолдан келмес іске
ұмтыл.

Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан.

Егер де есті кісілердің
қатарында болғың келсе.
Күніне бір мәртебе,
болмаса жұмасында бір,

Ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал.

Бір жерде бірге жүрсең басын қосып,
Біріңнің бірің сөйле сөзін тосып.

Мен егер Закон қуаты қолымда бар кісі болсам,
адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін
кесер едім.



Сағаттың шықылдағы емес
ермек, һәмиша өмір өтпек
— ол білдірмек.

Менімен менікінің
айырылғанын,
Өлді деп ат қойыпты өңшең
білмес.

Бұрынғы ата-
бабаларымыздың бұл
замандағылардан артық
екі мінезі бар екен: ел
басы, топ басыларына
тоқтай білетіндігі мен
намысқойлығы.

Өлейін деп өлмейді өлерлік
жан.

Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел.
Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме.

semeylib.kz

Абайдың суреті - Ortalyq Qazaqstan

Қадыр Мырза Әли

ТОҚЫМҚАҒАР

Таң қалдырып мен елді,
Тайға мініп жөнелдім.
Шапқан сайын елірдім,
Шапанымды жел үрді.
Желпіл қағып етегім,
Қопаң-қопаң етемін.
Көзім түк те көрмеді,
Қара су боп терледім.
Талып қалды тақымым,
Қалып қалды тоқымым.
Жармасамын жалына,
Жұрт күледі халыма.
Құрбыларым қарайды,
Құламасам жарайды!

БІРІНШІ «БЕСТІК»

Бүгін үлкен қуаныш –
Беске бесті қоса алдым.
Былай қалып жаман «үш»
Бірінші рет «бес» алдым.
Жайда бергім келмейтін,
Күнделікті ұсындым.
Оқытушым күлмейтін,
Күлді, содан қысылдым.
Қояры бір «бес» еді,
Оқытушым оңдырды:
«Екімді» де кешегі,
Күнделікке қондырды!

ДИКТАНТ

Кеше біздер класта,
Диктант жаздық
отырып.
Көшірдім мен
Күләштан,
Бір парақты толтырып.
Үзілісте мен іште,
Асыр салып ойнадым.
Құрығанда бір «үшке»,
Жаздым-ау деп
ойладым.
Сөйтсем, мойны

үп-ұзын,
«Бір» алыппын, құрысын.
Дәптер беті қып-қызыл,-
Ұялған ғой мен үшін.

ӨШІРГІШ ПЕН ҚАРЫНДАШ

— Кемшілікті сүймеймін,
Ешкімге бас имеймін!
Бұрысыңды өшірем,
Дұрысыңа тимеймін!-
Деді Өшіргіш досына,-
Сен не дейсің осыма?!
— Бұрысты, рас, сүймейсің,
Дұрысқа, рас, тимейсің.
Сол дұрысты бірақта
Мақтауды да білмейсің!-
Деді сонда Қарындаш,
Ойлансаңдар, бұл да рас!



БҰЛАҚ

Ойында жоқ құрдым кезбек,
қаңғымақ,
Ойында жоқ кірпік ілмек,
қалғымақ.
Қайдасың деп жасыл жайлау,
жасыл бақ,
Ағады кеп, ағады кеп бал бұлақ.
Аялдау жоқ, кідіру жоқ далада,
Ағады кеп жан-жағына қарамай,
Атасының тапсырмасын
асығыс,
Орындауға бара жатқан
баладай.

ЕСЕП

— Бес алманың үшеуін,
Досың сұрап алады.
Айтшы, сонда нешеуі,
Өз қолыңда қалады? -
Тез шығара алмадым,
Мен бұл есеп-мысалды.
— Сол досым сол алманың,
Бәрін алсын! - дей салдым.



БАЛАҚАЙ

- Бүлдірген тереміз, балақай.
- Алақай!
- Ат жарыс көреміз, балақай.
- Алақай!
- Айға ұшып барамыз, балақай!
- Алақай!
- Кел, ағаш жарамыз, балақай.
- Әй, ата-ай!..

ТАЗАЛЫҚ

Сыпырғыш ап сыбанып,
Шаң-тозаңды кудым кеп.
Шүберек ап, су алып,
Сырлы еденді жудым кеп.
Бір дақ таппай бөлмеден,
Әне, күліп тұр әпкем.
Жалтырайды сырлы еден,
Сылағандай лакпен.
Бір жалған жоқ сөзімде,
Еден айна сияқты.
Үйге енді өзім де,
Сүртіп кірем аяқты.

АТА-ТЕК

— Мына бізге еліміз
Құрметпенен қарайды.
Арғы ағамыз, тегіміз,
Ақыл-ойдан тарайды!
Біз өмірдің сәні,- деп,

Кітап сырын бастады.
Оның сөзін:- Пәлі!- деп,
Қылыш кесіп тастады.-
Шайқастарда ғаламат,
Шіріткен сан терлікті.
Біздер болсақ, жамағат,
Баласымыз Ерліктің!-
Домбыра сәл дың етті:
— Сол да сөз бе!
Тіпті мен
Туысқанмын жүректі,
Талант деген мықтымен!
— Еңбек,- деді,- ағамыз,
Кетпен белін таянып.-
Елден кейін жатамыз,
Елден бұрын оянып...
Таң
Күншығыстан нұр алып,
Қалғып-мүлгіп жатты ну.
Жусан желден ырғалып,
Жасап кетті жаттығу.
Қырат-жота жондарын,
Күнге төсей қалыпты.
Шөп те беті-қолдарын
Шыққа жуып алыпты.
Көбелек жүр әуреде:
Қонып жидек, мойылға.
Күннің қызы - сәуле де.
Кірісіпті ойынға...

**Дереккөздері: Bilimall.kz; Мәденит
порталы; Серпер; Suretterstock**



«Бейбітшілік заман болсын!»

Ғұмыр жасы 100 – ге келген атамның батасы. Дастархан басында асқа, амандаса келген немере, шөберелеріне, балаларына қол жайып беретін батасының алғыс сөзін «Бейбітшілік заман болсын!», - деп бастайды.

Атам айтқан бейбітшілік заман орнап, Жеңіс мерекесін атап өтіп келе жатқанымызға 79 жыл болды. Алдағы уақытта соғыс өрті тұтанбасын деп тілейміз.

Бүгінгі Ұлы Жеңіс мерекесі күні де үлкен атам бәрімізге батасын беріп, Жаратқаннан елдің тыныштығын, жеріміздің амандығын тіледі. Мен атамның шөбересімін, сондықтан «Үлкен ата» деймін. Атам Исакаков Балықбай соғыс және еңбек ардагері. Анамның айтуынша жасы жүзге тақағанда ғана қоғамдық жұмыстан қол үзіпті. Өзі туып – өскен Жалаңаш ауылының кешегі әлеуметтік жағдайы мен бүгінгі сәулетіне тынбай тер төккен жандардың бірі.

Мен мектепке бармай тұрғанда, ауыл адамдарынан «Батырдың шөбересі, атаң аман ба?», - деп сұрағанын жиі еститінмін. Анамның анасы әжемнен неге «Батырдың шөбересі» - деп айтады деп сұрайтынмын. Әжем біздің әкеміз соғыс көрген. Ұлы Отан соғысына қатысып, жауды жеңіп еліне бейбіт заман сыйлаған батырлардың бірі деп мақтаныш сезіммен айтатын. Арасында ертегі бастағанда, Қобланды батыр, Алпамыс батыр, Райымбек батыр жайлы айтатын. Кейінірек менің атам да ел қорғаған батыр екенсіз ғой, өзіңіз туралы айтып беріңізші дейтінмін.

— Каусаржан, соғыс деген алапат зұлмат. Жер бетіндегі адамзат, тіршілік атаулыны түбірімен жойып тастайды. 1941 жылы 22 – маусымда неміс фашистері кеңес одағына соғыс ашты. Біз дайындықсыз едік. Зұлымдардан халқымызды, жерімізді қорғау үшін майданға атанып, қолына қару алмаған жас жігіт қалмады. Ересек ағалар да «Отан үшін алға!», - деп ерлікпен шайқасты. Тылда әжелеріміз, аналарымыз, қариялар мен жасы кәмелетке толмаған балалар түн ұйқысын ұйықтамай, таңның атысына дейін майдан үшін қажырлы еңбек етті. Қазақстан соғысқа қажетті дүниелермен қамтитын стратегиялық нысан болды. Енді мына бейбіт заман ұзағынан болсын, - деп әңгімелейтін.

Атамның әңгімелеріне енді – енді қаныға бастадым. Балықбай атам жаудың көзін жою үшін жасы 18-ге толмаған шағында майданға атанған. Соғысқұмар Германияға қарсы шабуылды атам Белорусь жеріне жіберілген күннен бастаған. 61- армия, 115 – атқыштар дивизиясы, 26 – атқыштар полкінің 3 - атқыштар батальонының құрамында Белоруссия, Латвия, Румыния, Венгрия, Польша мен Австрия елдерін жаудан азат етуге қатысты. Сөз арасында командирі Стрюков Павел Григорьевичті еске алып, бір жақсы адам еді дейді. Жақсы адамдар ұлтқа, дінге, тіліне қарамайтынын атамның айтқандарынан ұқтым. Және алапат соғыс, табиғат апаты мен адамның жеке басына түскен қиындықта, өнерде де адамдар ұлтқа бөлінбейді.

Атам 1943 жылы Будапешт қаласының Балатон көліндегі жаумен жанын пиде еткен жауынгерлермен бірге жеңіске жеткен. Балықбай атамның ұрыстағы ерлігі бағаланып, лайықты марапатын алған. Қазір атамның кеудесіне

тағылған орден, медальдары – жанкештіліктің айғағы. Отан үшін оққа түсуден қорықпаған ерліктің үлгісі. Соғыстан кейін елі үшін еткен өлшеусіз еңбегінің бағасы.

— Айналайын, қарақтарым! Біз жеңеміз деп жан аямадық. Жылдың төрт мезгілінің қалай өткенін байқамадық. Әсіресе, күздің қара суығы мен қыстың қақаған аязы жанымызға батты, оны да елемедік. Бар мақсатымыз – мына фашистердің үнін тезарада өшіріп, елге бейбітшілік сыйласақ деген ниетте болдық. Тіпті, үйге қайтуды ойламадық. Бүгін де, болашақта да, бізге бабаларымыздан жеткен Тәуелсіз елдің қорғаны болу – міндеттерің, - дейді.

Балықбай Исакаков атам Жеңіс күнін 1945 жылы Австрияның Вена қаласында қарсы алған. Соғыс аяқталғаннан кейін



де сонда қалып, соғыстан кейін қираған елдің экономикасын, құрылыс нысандарын қалпына келтіруге атсалысқан. Туған жері - Жалаңашқа келген соң, жүрегінде от ойнаған жауынгерлер, ауыл адамдарымен бірге ауылдың әлеуметтік – жағдайын, еліміздің әлеуетін көтеруге бар күш – жігерін арнады. Отбасын құрып, шаңырақ көтерді. Борябаева Адам – үлкен әжеммен балаларын дүниеге әкеліп, тәрбиеледі. Қазір біз үлкен әулетпіз. Ата – әжемнен тараған ұрпақ Әділетті Қазақстанның адал ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосуда.

Балықбай ата! Жеңіс мерекесі құтты болсын!

Қазіргі заман және келер ұрпақ арамызда жүрген сіздей ерлер алдында бас иеміз!

Бізге бейбіт күн сыйлаған жауынгерлердің есімін ешқашан ұмытпаймыз.

**Кәусар МҰРАТ,
С.Бейсембетов атындағы мектептің
5 «Б» сынып оқушысы.
Алматы облысы, Кеген ауданы**

СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚОЙМА ЛОГИСТИКАСЫ: БІЛІМ БЕРУ ЭКСКУРСИЯСЫ



Қазіргі уақытта қойма және логистикалық қызметтер нарығы айтарлықтай қарқынды дамып келеді. Тұтыну деңгейінің өсуіне қарай қоймалық қызмет және қойма үй-жайларына сұраныс артуда. Нарықта жүк ағындарының сапалы сақталуы және басқарылуын қамтамасыз ету үшін үлкен сақтау орындарын қажет етеді. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында «бір белдеу және бір жол» бірнеше ғасыр тарихы бар Ұлы Жібек жолдың қайта жаңғыруы елімізге келіп түсетін кедендік ресімдеуді талап ететін Азия тауарлары ұлғайып жатыр, сәйкесінше оларды кедендік ресім үрдісі барысында сақтауды талап етеді яғни еліміз заманауи инновациялық қоймалардың дамуын талап етеді.

Қойма логистикасы тауарларды сақтау мен бөлуді қамтамасыз ете отырып, кез-келген елдің экономикасының тиімді жұмыс істеуінде шешуші рөл атқарады. Соңғы жылдары Қазақстан Орталық Азиядағы негізгі транзиттік орталық болуға ұмтыла отырып, өзінің логистикалық инфрақұрылымын белсенді дамытуда. Бұл елдің стратегиялық географиялық жағдайына және оның халықаралық саудадағы рөліне байланысты. Қазақстанда қойма логистикасын дамытудың негізгі бағыттары қойма инфрақұрылымын кеңейтуді, заманауи технологияларды енгізуді және көлік инфрақұрылымын дамытуды қамтиды.

Қазақстанда қойма инфрақұрылымын дамыту логистика секторындағы басым бағыттардың біріне айналды. «DAMU Logistics» компаниясы Орталық Азия аймағындағы логистикалық қызметтердің жетекші операторларының бірі болып табылады. Индустриялық-логистикалық аймақтың жалпы ауданы 210 гектарды құрайды.

Компания қызметтердің кең спектрін ұсынады: көлік логистикасы, контейнер терминалы, уақытша сақтау қоймасы және кеден қоймасы, индустриалды парк және, кедендік рәсімдеу, қойма т.б.

Қойма логистикасы саласындағы жұмыстармен тәжірибелік танысу мақсатында Әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ, Экономика және Бизнес Жоғары мектебі, «Бизнес-технологиялар» кафедрасының 3 курс 6В11301-Логистика (салалар бойынша) мамандығының студенттері «DAMU Logistics» компаниясына барды. Экскурсия барысында студенттер компанияның қызметтерінің толық спектрімен, қоймада тауарлардың қауіпсіздігін және уақтылы жеткізілуін қамтамасыз ету үшін қолданылатын логистикалық процестер мен инновациялық технологияларды басқарудың заманауи әдістерімен танысты.

Бұл экскурсия студенттердің оқу бағдарламасы арқылы алған теориялық білімдеріне құнды қосымша болды. Ол студенттерге логистикалық тұжырымдамалардың практикалық іске асырылуымен танысуға, нақты логистикалық мәселелерді шешу дағдыларын игеруге және логистика мен қойма логистикасы саласындағы білімдерін жетілдіруге мүмкіндік берді.

Бұл іс-шара университет пен бизнес қоғамдастық арасындағы табысты ынтымақтастықтың үлгісі болып табылады. Мұндай серіктестіктер тұрақты даму мақсаттарына, соның ішінде Біріккен Ұлттар ұйымы белгілеген «сапалы білім беру» төртінші мақсатына қол жеткізуге ықпал етеді.

Студенттерді нақты іскерлік ортаға тарту және логистика саласындағы жетекші компаниялармен танысу олардың кәсіби дағдыларын кеңейтіп қана қоймай, болашақ мамандар үшін тұрақты және икемді тәжірибелік базаны қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай бастамалар студенттерге өз саласында жұмыс тәжірибесін алуға және теориялық білімді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл білім беру сапасын арттыруға және қазіргі еңбек нарығының қажеттіліктеріне жауап беретін білікті кадрларды даярлауға ықпал етеді.

**Ахметова З.Б., Баймуханбетова Э.Е.,
Исаева А.А.,**

**Мұса Қ.А., Тулебаева Н.Т.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Экономика және Бизнес Жоғары мектебі**



Сыбайлас - жемқорлықпен күрес...

Жалпы, өткенге көз жүгіртетін болсақ, “сыбайлас-жемқорлық” деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны “параға сатып алу”, “пара” ретінде, “corruptio” деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ “corruptio” түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

ҚР “Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды па-

рамен сатып алу”.

Сыбайлас-жемқорлықпен күрестің негізгі қағидаларының бірі болып, ол – баршаның заң және сот алдында теңдігі. Бұл қағиданы сақтау және жүзеге асыру сыбайлас-жемқорлықпен күресте өте маңызды. Өкінішке қарай, заңнаманы таңдап қолдану өте жиі кездеседі, ондайда заң біреу үшін бар, басқалар үшін жоқ. Жеке соттар, мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері сондай-ақ сыбайлас-жемқорлыққа беттелген. Бұл қағиданың сақталуының кепілі азаматтардың өздерінің белсенділігі болып табылады - сыбайлас-жемқорлық үдерістерді БАҚ-та жариялау, оның ішінде БАҚ, бұқара өкілдерінің сот үдерістерінде болуы; өтініштерді прокуратураға, экономикалық және сыбайлас-жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі Агенттікке және басқа құқық қорғау органдарына беру.

Нормативтік құқықтық актілерді сыбайлас-жемқорлыққа қарсы сараптаудың пәрменді тетігін енгізу, бюджеттік қаражаттың жұмсалудың қоғамдық бақылау жүйесін құру, жеке рұқсат беру міндеттерін азаматтық қоғам институттарына беру, ақшалай қаражаттың қолма-қол айналымын мейлінше көбірек қысқарту бойынша шаралар енгізу, заңға қайшы жолмен ақшалай қаражатты заңдастыруға қарсы іс-әрекет жасау қарастырылған.

Адал және әлеуметтік бағытталған бизнес нарықтан ысырылады, себебі сыбайлас-жемқорлық мұндай бизнесті тиімсіз етеді. Сыбайлас-жемқорлық әсіресе мемлекеттік билік органдарында қауіпті. Мұндай жағдайда ол биліктің монополиясын, мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдау өкілеттігін күшейтеді және шенеуніктердің қатал құқықтық есеп беруін және бақылауда болуын жою симбиозын көрсетіп-білдіреді. Тәжірибеде байқайтынымыздай, сыбайлас-жемқорлық мемлекеттік жүйенің барлығын бұзады, мемлекеттік билік беделінің және мемлекеттік қызмет абыройының құлдырауына ықпал етеді. Сыбайлас-жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасайды және ұйымдас-тырылған қылмыстың, әсіресе экономика саласында, өсуіне ықпал жасайды.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа мәдени - этикалық факторлардың ықпал етуіне баға беру оңай емес, себебі бұл сала «мүліктік емес». Алайда, қоғамның мәдениеттілігін сыбайлас жемқорлықтың негізгі себебі ретінде қарастыруымыз тиіс. Сөйтіп, сыбайлас жемқорлық - бұл, біріншіден, мемлекетке үлкен қаржылық нұқсан келтіреді, екіншіден, мемлекеттік биліктің беделіне залал келтіреді, үшіншіден, қоғам мен мемлекет билігінің өкілеттіктерін моральдік тұрғысынан құлдыратады.

Лаура НУРМАГАНБЕТОВА,
Ақтау қаласының әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған
сотының судьясы
(Shutterstock)

Мамандығым - өмірімнің айнасы

«Мектептің тірегі де, жүрегі де – ұстаз».

Мағжан Жұмабаев

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл наурыз айында Атырау облысында, Жайықтың жағасында өткізген Ұлттық құрылтайдың «Адал адам - Адал еңбек - Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде «Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана - сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыру керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айнарудың басты кілті деуге болады. Балалар мен жастарды тәрбиелеп, олардың бойына осы озық құндылықтарды сіңіруге айрықша көңіл бөлінуі керек», - деп алдымызға келелі міндет қойды.

Бұл міндет – бәрінен бұрын мектепте бастауыш сыныпты оқытатын мұғалімге жүктелетіні айтпаса да белгілі. Баланың кішкентайынан тұлға болып қалыптасуы үшін көшбасшылық қабілетке ие болуы отбасында басталады. Одан кейін балабақшада білгендерін дамытады. Бастауыш сыныпқа келгенде, жадында білімнің негізі қалана бастайды. Ұстаз алдында отырған бүлдіршіндердің жандүниесіне адами қасиеттер мен ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, жасампаздық пен жаңашылдыққа ұмтылатын, Отанына, халқына жанашыр жауапкершілік пен әділдіктен аттамайтын азамат тәрбиелеуге міндетті.

Мектеп табалдырығын аттаған сәтте алғашқы ұстазымыз - Машаева Баян Бәделқызынан білім алдық. Бірінші сыныпта көп нәрсені аңғармадым. Екінші, үшінші сыныптарда Баян ұстазымыздың оқушылармен сөйлескені, бізбен бірге ән айтып, кесте тіккені, ұлдарды ұлттық қолөнер түрлеріне үйреткені ерекше әсер қалдыра бастады. Шәкірттерімен бірге билеп жүріп, бастауыш сыныпты бітіргенімізде, ата – аналарымыздан қаншама алғыс алғанының куәсі болдық. Менің бүгінгі ұстаз мамандығын таңдап, бастауыш сынып мұғалімі болып, бала оқытуыма қызығушылығымды оятқан өзімнің бастауыштағы ұстазым Машаева Баян Бәделқызына алғысым шексіз. Қазір ұстазымыз о дүниелік болып кеткендіктен рухына дұға бағыштаймын.

Атырау облысы, Исатай ауданы, Тұшықұдық ауылындағы жалпы білім беретін Ж. Мырзағалиев атындағы орта мектептің 11 – сыныбын тәмамдап, 2004 жылы Атырау облысындағы Қ. Дүтбаева атындағы гуманитарлық колледжіне түстім. Колледжді ойдағыдай бітіріп, мектепке ұстаз болып орналастым. Халел Досмухамедов атындағы Атырау Мемлекеттік университетін 2008 – 2012 жылдары бітірдім. Жоғары білімді одан әрі жетілдіру мақсатында оқуымды жалғастырып, магистр атандым.

Шәкірттерге білім беріп, тәрбиелеуде мектеп ұжымын-

дағы мұғалімдер арасында өзара сыйластық, түсіністік пен бірлік орнаған кезде алынбайтын белес болмайды. Ұйымшылдық орнаған ортада жаңашылдық, білім деңгейінің сапасы, оқушылардың білімдегі, спорт пен өнердегі жетістіктері бірден байқалады. Бұл орайда, мектебіміздің директоры Исмагулова Табила Игібайқызының білім беру саласындағы еңбегі орасан деп айтар едім.

Ұстаз еңбегінің жемісі – шәкірті шыққан белеспен өлшенеді. Менің оқушыларымның жетістігі айтарлықтай. Биылғы «Ақбота» білім марафонына қатысқан Қамбарқызы Е.; Сағидолла Е.; Әділбек Е.; Шалхар С.; Әділбек И.; Нұрман А.; Тлекқабыл А. II – орынға, Жанқожа А. III – орынға ие болып, марапатталды. Әділхан Ш. мектепшілік өткен «Зерде» оқушыларының ғылыми сайысынан I – орын алып, аудандық сайыстан III – орынды иеленді. Өзім де білімді жетілдіріп, бастауышта оқытудың жаңа тәжірибелері мен жаңалықтарды пайдаланып келемін.

Еліміздің Оқу – ағарту министрлігі бағдарламалары негізінде өтетін мектепшілік, аудандық, облыстық сайыстарға, оқуларға қатысып келемін. Мұндай шаралардың ұстаз үшін пайдасы көп. Атап айтқанда, 2019 жылы аудандық пе-



дагогикалық оқулардан I – орын, облыста өткен педагогикалық оқуларға қатысып, III – орын иелендім. 2019 жылы аудандық үздік бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен байқаудан бас жүлдеге ие болдым. «Б. Алтынсарин ұлы ұстаз» атты сайысқа қатысып, еңбегім I – орынға лайық бағаланды. Ұстаз білімін шыңдайтын байқаулар мен сайыстар. Мақсатым осы жетістіктермен шектеліп қалмай, үнемі іздене беру.

АЮПОВА Баян Салихатовна,
Атырау облысы, Исатай ауданы,
Тұшықұдық ауылындағы
«Жалпы білім беретін Ж. Мырзағалиев атындағы
мектеп» КММ. Бастауыш сынып мұғалімі.
Педагог – зерттеуші.



Қазақ тілін техника мен ғылым тіліне айналдыру – мұғалімге жүктеледі

**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,
Қазақстан Республикасының Президенті:**

«Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады».

*«Мемлекет басшысының «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатынан.
02 Сәуір, 2019 жыл, Ege men Qazaqstan».*

Мемлекет басшысы қазақ тілін техника мен ғылым тіліне айналдыруды алдымызға міндет етіп қойды. Болашақта осы дәрежеге жетсек, біздің ана тіліміз әлемдегі ең мықты, техникалық қоры көп тілге айналатынына сенеміз. Ресми деректерге сүйенсек, әлем халықтары тілі арасында тіл байлығы жағынан үшінші орында тұрмыз. Ана тіліміз – сан жағынан әлем тілдері ішінде 70-ші орында, түркі тілдерінің арасында төртінші орында екені – бүгінгі бізге ғана емес, алдағы келер ұрпағымыз үшін де үлкен мақтаныш деп айтамын. Басқа түркі тілдерімен салыстырғанда, сөздік қоры жөнінен қазақ тілі – ежелгі таза қалпын сақтап келе жатқан тілдердің бірі.

Бүгінгі оқушы қазақ тілін ауыз екі тілде ғана емес, жазу мәнерінің ережелерін сақтап, сауатты жаза білуі қажет. Әр оқушы мектепте бастауыш сыныптан бастап, фонетика мен грамматиканы, сөз таптары мен септіктерді, емле ережелерін жақсы меңгеруге ұмтылдыру – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің міндеті. Оқушы мектеп бітіргенше қазақ тілін толық меңгеріп алса, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Жаңа технологиялар жаңалықтары күн санап жаңара түсуде. Бұл жаңалықтарды мектеп оқушысы түгелі тілі шықпаған сәбиге дейін бірден меңгеріп алып жатқанының куәсіміз. Технология жаңалықтарын балалар мен жасөспірімдердің тез меңгеріп алатынына қуанамыз.

Жүсіпбек Аймауытов «Ана тілі – жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына», - деп ана тіліміздің қаншалықты құдіреттілігін айқындап берген. Ендігі міндет – ана тіліміздің қадір – қасиетін үзбей жас буынға айтып, тіл тазалығын барынша сақтауға үйрету – алдыңғы буын өкілдері, ата – аналармен бірге мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған келелі міндет. Яғни, мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі шәкіртке барынша ана тілімізде көркем сөйлеп, сауатты жазуға үйрету үшін бар тәжірибесін арнауы қажет. Қазақ тілін оқыту – шәкіртке күнделікті жаттығу орындатып, ережені үйретумен шектелмейді.

Оқушылардың тіл тазалығы сақталуы үшін – жас ерекшелігіне қарай әдеби – көркем шығармаларды көп оқуына қызығушылығын арттыра білгені абзал. Бүгінгі жасөспірімдерге «Оқы!», «Тапсырманы орында», «Әдеби кітаптарды көп оқы», - деп тапсырма береміз. Бұл тапсырма әр оқушыға әрқалай әсер етеді. Жасыратыны жоқ қазір балалар мен жасөспірімдердің көпшілігінің көңілі телефондағы сайттарда жарияланған дүниелерге алаңдап тұрады. Өзім қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде балалардың барынша ана

тілінде сөйлеп, шығармаларды көп жазғанын тапсырамын. Айтып, тапсырма беріп қана қоймай, оқушылармен бірге олардың сұрақтарына жауап беріп, тапсырмаларды бірге орындап, әр баланың тапсырманы орындауға деген шынайы ойын айтуына көп көңіл бөлемін.

Мектепте ұстаздан білім алып, өмірге қанат қаққан түлектің жандүниесінде ежелден ата – бабамыздан мирас болып қалған ана тілге деген құрметі артып, тарихымызды, салт – дәстүрлерімізді, әдебиетпен қатар ұлттық құндылықтарымызды сақтай білуге деген жауапкершілік қалыптасады. Әр өрен қазақ тілін бар болмысымен сүйгенде ғана, әдебиетке деген ынтасы артады. Қазақ тілі мен әдебиетін меңгерген адамға басқа саланы игеру қиынға соқпайды. Олай болса, бүгінгі шәкірттер үшін техника мен ғылым тілін ана тілінде игеруге еш кедергі жоқ болатыны сөзсіз. Қазақ



тілі – әлемдегі ең бай тіл. Өйткені қазақ тілінің сөздік қоры 2,5 миллион сөзден тұратыны дәлелденген.

Тіл – таусылмайтын байлық. Мәңгілік мұрамызға айналған тілді қорғап, сақтап, құрметтеуді ұстаз қауымы бүгінгі мектепте оқытып келе жатқан жас ұрпақтың еншісіне қалдырып отырмыз. Ана тіліміздің қасиетін ардақтап, өзі қазақ тілінде сөйлеп, болашақ мамандығын тандап сол саласында жемісті еңбек ете білсе, ұстаз еңбегінің жемісін бергені. Өзім оқушылардың бір – бірімен көп сөйлескенім, көркем шығарманы жас ерекшелігіне байланысты көп оқуын қадағалаймын. Шығарма, эссе жазуға машықтандырамын. Шәкірттерім мінсіз деп айта алмаймын. Арасында кемшіліктері де бар. Сол кемшін тұстардың орнын толтыру үшін шәкіртпен көп еңбектенемін. Баламен тіл табысып, олардың зейінінің ашылуына тапсырмалар беремін. Оның орындалуын қадағалаймын. Оқушының оқуға деген құштарлығын арттыратын құрал – олардың әр ісін қолдап, бағалай білу. Ынталандыру. Жақсы сөз айтып, қуанту. Өзінің берген жауабының дұрыстығына қуанған баланың риясыз күлкисін көру – ұстаз үшін нағыз бақыт!

**БАЙСАРИЕВА Алия Қожаққызы,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Абай атындағы
Алматы облыстық мамандандырылған
гимназия – интернатының директоры. Алматы қаласы**

РУХТЫ ДА ЕСТІ ӘН СӨЗІН ЖАЗҒАН АҚЫН



Оқырман жұрт ақын Нұрсұлтан Әлімқұловты біле ме екен?! Әй, қайдам... Атын естімеген болар. Насихаты жоқ. Ғұмыры ерте қиылған ақынның өзі өлсе де сөзі өлмегенін бүгінгі бейқам ағайын қайдан білсін?! Иә иә, ақынның сөзі өлмеген, сөзі сауықшыл думаншыл халықтың есінде, жадында қаттаулы. Әйгілі «Армандастар!», «Алатау», «Алматым жүрегімде», «Қайықта», «Алтыным», «Қайдасын?» деген тамаша әндердің сөзін бәріміз жатқа білеміз. Міне, осы әндердің мәтінін жазған біздің кейіпкеріміз Нұрсұлтан Әлімқұлов.

1960, 1970-1980 жылдар аралығында жазылған «Қайдасын?» (Ш.Қалдаяқов), «Алтыным» (Ә.Бейсеуов), «Алатау» (Н.Тілендиев), «Мойынқұмда» (Ш.Қалдаяқов), «Қайықта» (Ш.Қалдаяқов), «Армандастар» (Ә.Бейсеуов) секілді тағы басқа 400-ден астам ретро әндердің сөзін жазған қазақтың талантты ақыны – Нұрсұлтан Әлімқұлов еді. Қазақтың маңдайына біткен Нұрғиса Тілендиев, Әсет Бейсеуов, Шәмші Қалдаяқов сынды хас талант композиторлармен шығармашылық қарым-қатынаста болып, көптеген әндерді дүниеге әкелген ақынды туған елі есінен шығарып алса керек...

Нұрсұлтан Жетісудың Үшқоңыр тауының етегіндегі Қасымбек сайында орманшы Әлімқұлдың шаңырағында дүниеге келген (1928 жылдың 14 наурызында туған). Бала күнінен ән күй, сурет өнеріне бейім өскен. Бозбала Нұрсұлтан қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін бітіріп, еңбек жолын мұғалім ретінде бастаған. (1950 жылғы қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ - нің түлегі).

1960 жылы Қазақстан Жазушылар Одағына мүшелікке өткен. 1957 жылдан өмірінің соңына дейін шығармашылықпен айналысқан ақын төрт жүзден астам түрлі әндердің сөзін жазған. «Барабаншы қоян» (1976) балаларға арналған өлеңдер, «Баспалдақтар» (1982) өлеңдер, «Тау самалы» ән мәтіндері жинағы және «Сарыжайлау» кітаптарының авторы.

Миллиондаған әнсүйер қауымның ауызында жүретін көңілді, жайдарлы әндердің сөзін жазған ақын ағамызды ұмытқан секілдіміз бе, қалай өзі? Мектеп жасындағы баладан бастап еңкейген қарияға дейін бәрі-бәрі осы әндерді түрлі бас қосу жиындарда, той-томалақтарда айтып жүреді. Әсіресе, «Армандастар» әні көптеген әншілеріміздің бағын ашты. Әнді алғашқы болып ҚР Халық әртісі Сара Тыныштығұлова орындаған. Кейін «Армандастар» әні Нұрғали Нүсіпжанов, Сұлушаш Нұрмағамбетова, Мақпал Жүнісова т.б. әншілердің әнкоржынына енді. «Армандастар» әні жылдан жылға жалғасып, шырқалып келе жатқан әсем

ән. Ақынның сөзіне жазылған кез келген әнді бөле жаруға келмейді. Барлығы сапалы әндер, сондықтан өміршең бола бермек! Әйтпесе, әрбір әннің жазылғанына отыз, қырық жыл толған шығар. Бұл не деген құдірет десенші!

2013 жылы ақынның туғанына 85 жыл толған еді. Тек профессор Серік Негимовтың «Қазақ әдебиеті» газетіне шыққан «Ән сөзінің классигі» мақаласы болмаса, басқа зиялы қауым өкілдері де, мәдениет министрлігі де, тіпті, жазушылар одағы да ақынның шығармашылығын жас ұрпаққа насихаттауға селқос қарап, еске алу шараларында ұйымдастырмаған. «Көзден кеткесін, көңілден кетті» дегендей мерейтойы да аталмады. Ешкім ескермеді. Көзін көрген тұстастары да қыбыр етпеген сыңайлы.

Талантты ақын ән мәтіндерін ғана жазып қойған жоқ, оның қаламынан «Шипахана», «Болатбек», «Дәрігер», «Мұғалім» сынды поэмалар да туған. Ақын Алаштың ардақты азаматы Тұрар Рысқұловтың құрметіне арналған «Бала Тұрар» атты эпикалық шығармасы бар ақынның елеусіз қалғаны – асылымызды құрметтей алмағанымыз болар. Ақынның «Ұйқыдағы ару» атты лирикалық поэмасы Қапал-Арасан өңіріндегі «Арасан» шипажайында жазылған екен.

Көптеген әндердің сөзін жазған ақынның құрметіне мектеп пен көше атын беріп жатса да, артық етпейтін еді... «Өзі жоқтың көзі жоқ» дегендей, артында жоқтаушысы, мұрагері болмаған соң, кез келген шын талант иесі тасада қалады. Оларды күн түспейтін көлеңке арасынан аршып алып, туған елімен қайта қауыштыру – әдебиеттанушылар мен өнер зерттеушілерінің міндеті.

... жұмырбасты пендеге өмір барда, өлімнің келуі болар. Ал өнер туындылары, ақиқатын айтқанда, халықтың жүрегінен орын алған туындылар ешқашан өлмек емес. Бүгін біз Нұрсұлтан Әлімқұловты ұмытсақ та, оның шығармалары, әнге айналып кеткен өлеңдері – халық жадынан кетер емес! Асылдарымызды бағалай білейікші!..

Елдос ТОҚТАРБАЙ,
жазушы. Зерттеуші-ғалым



Арнайы мектептерде математика пәнін оқытудың маңызы

Ахмет Байтұрсынұлы, ұлт ұстазы

«Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім».

Мемлекет басшысы Тоқаев Қасым - Жомарт Кемелұлы «Ұлттық құрылтайдың «Адал адам - Адал еңбек - Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде болашағымыздың кепілі - адал ұрпақ тәрбиелеу борышымыз екенін айтты. Елін, жерін шын ниетімен сүйіп, Отанына адал қызмет ететін ұрпақ – өнегені алдымен отбасында алады. Дана халқымыз ежелден бері айтып келе жатқан «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің», - деген даналығын жадымыздан шығармауымыз қажет. Отбасы, мектептің өзара сыйлы қарым - қатынасы, бір - біріне деген құрметі болса, Тәуелсіз елдің Отансүйгіш, еңбекқор, шыншыл, адал ұрпағын тәрбиелей аламыз деп сенемін.

Ұлт ұстазының бір ғасырдан астам уақыт бұрын мұғалімге берген бағасының бүгінде маңызы арта түсуде. Жаңа заманның талаптарына сәйкес бала оқыту – ұстаздан білімділікті, біліктілікті, жауапкершілік пен талмай ізденісті талап етеді. Шәкірт тәрбиелеп келе жатқан әр ұстаздың алдына қойған мақсаты бар. Жаңа технологиялар көз ілеспес жылдамдықпен дамып келе жатқанда, ұстаз да білім және ғылым жаңалықтарын бәрінен бұрын меңгеріп алып, оқушыға заман талабына лайық білім беруге ұмтылуда. Сол себепті, ұстаз үнемі білім беру саласындағы игі жетістіктерді жас ерекшелігіне қарамай, меңгеріп алудамыз.

Бұл ретте оқушыны жеке дара бөліп қарамаймыз. Мектепке келген бірінші сыныптан бастап, әр баланы жеке тұлға деп оның қабілетінің ашылуына мүмкіндігінше көмектесу керек. Елімізде жалпы білім беретін мектеп, гимназия мен лицейлерден басқа арнайы мектептер бар. Онда ерекше балалар білім алады. Мен ұстаздық ететін Алматы қаласындағы №5 арнайы мектеп – интернатта білім алатын оқушылар шынымен де ерекше! Қабілетті. Әрқайсысының бір - біріне ұқсамайтын қылықтары, ынтасы, білімге құштарлығы бар.

Арнайы мектептің өз ерекшеліктері, ережелері бар. Балалардың даму барысы күрделі, соған қарамастан оның түзетілетінін дәлелдеу. Бала ешқашан өзін қоғамнан тыс сезінбеуі керек. Ол да басқа балалармен тең. Тек денсаулығындағы кінәратқа алаңдайтыны рас. Сол себепті, олардың жаны нәзік. Арнайы мектепте білім беретін мұғалім ерекше балалардың жандүниесін әдемі сөздер, балаға деген құрметті көрсете алғанда ғана баламен тез тіл табысады. Мектеп - интернатқа келуге кез келген жас маманның жүрегі дауаламайтыны шындық. Менің қалауым – ерекше бала-



ларға түсті. Олар туралы естіп, мәліметпен қаныққан соң, №5 арнайы мектеп – интернатқа келдім. Мектеп директоры Серкебаева Роза Нүсіпқызы маған балалар туралы айтып берді. Қиындықтан қашпай, жәудір көз балаларға білім беруге бел будым. Биыл үшінші жыл оқушыларыма математика сабағын беріп келемін.

Біздің мектепте есту қабілеті төмен балалар білім алады. Әр баланың оқуға деген ынтасы, білім алуға деген ықыласы жоғары. Мұнда оқушылардың көбі математика сабағын сүйіп оқиды. Себебі, сандардың сан қырын танып, формуларды түрлендіріп, белгісізді білуге ұмтылу кімге болмасын қызық. Олардың қабілет – пайымы зерек, тез ұғады. Олар өзінің әр жетістігіне ерекше қуанады. Оқушылардың есептегі алғырлығын қолдап, бағалауда үздік екенін көрсетіп отырамын. Есеп шығаруда жүйрік екенін айтып, мақтап, жақсы сөз айту арқылы олардың денсаулығындағы ерекшелігіне назар аудартпауға тырысамын. Әр оқушымен жеке жұмыс істеймін. Арнайы мектеп – интернатының оқушы да күні ертең қалаған мамандығының иесі болып, еліміздің әлеуетін арттыруға бар күш – жігерін арнайтын тұлға болатынын айтып, жігерлендіріп қоямын. Елімізде мүмкіндігі шектеулі жандар ерекше қамқорға алынған. Олар да қоғамымыздың қабілеті ерекше жандары болып құрметтелуде.

ЕРКІНБЕК Гүлім Еркінбекқызы, №5 арнайы мектеп-интернаттың математика пәні мұғалімі.
Алматы қаласы

Дереккөзі: Akorda.kz Суретте: 6 "Б" сыныбы:
Тұрар Жәния, Кадирахун Аян, Ноян Нұрислам,
Таласов Жандарбек, Жұман Аяна
(солдан оңға қарай)



Биыл мен Алматы қаласындағы М.Базарбаев атындағы №138 – гимназияның түлегімін. Он бір жылды қалай артқа тастадық? Білінбей өткен зымыран уақыт бізді де өмірге жеке – жеке қанат қақтырмақшы. Ақындардың дарабозы Мұқағали ағамыз жырлағандай мектепке тарыдай, яғни кішкентай болып келген едік. Есімде, 2012 жылы 1 – қыркүйек Білім күні гимназияның дайындық сыныбына қабылдандым. Шәкірттерін құшақ жая қабылдап, қарсы алған ұстаздарды көрдім. Оқушылар да ұстаздарын алыстан келген ата – анасымен қауышқан балаларындай құрақ ұшқанын байқадым. Мен де сондай ұстаздардан білім алдым. Мектептегі белсенді оқушының бірі едім. Алтын ұямыздан түлеп ұшқалы тұрған шақта ұстаздарыма шәкірттік алғысымды жеткізбек ниеттемін.

Ұстаз – киелі ұғым. Бар адамзат атаулы ата – анадан тараса, әлемде барлық мамандық иелері білім негізін мектептегі ардақты ұстаздардан алады. Шәкірттерін білім шыңына жетелеп, оларға жеке қабілеттерін дамытуға бар мүмкіндікті жасап келеді. Сабақтан тыс уақытта өткізілетін шараларға оқушылар бар ынтасымен қатысады. Спорттық және ұлттық спорт түрлерінен жарысқа қатысқан мектеп оқушыларының барлығы дерлік жүлделі орындарды еншілеп, қайтады. Өзім суға жүзу, шахмат, сурет салу, ән айту үйірмелеріне қатыстым. Мектеп өміріне белсене араластым. Асық ату, шахмат, тоғызқұмалақ ойындарынан жарысқа қатысып, алдыңғы қатарлы жүлделі орындарды иелендім.



Ұстаздарға мың алғыс

«Алғыр алтау» тележобасына арналған бағдарламаға қатысып, дипломмен марапатталдым. «Домбыра» сыныбын тәмамдадым. Гимназия жанынан құрылған «Алау» көркемөнерпаздар тобының құрамында аудандық, қалалық, республикалық байқауларға қатысып, жүлдегер атанып, Шымкент қаласы мен Көкшетаудағы «Балдаурен» балалар демалыс орнына жолдама алып, демалдым. Бірнеше рет «М.Базарбаев атындағы» I – дәрежелі степендияны иелендім. Химия, тарих, информатика пәндерінен ғылыми жоба жарыстарына қатысып, еңбегім жоғары бағаланды.

Гимназиядағы қызық балдаурен оқушылық өмірді



М.Базарбаев атындағы гимназия директоры – Қасымбаев Медет Иманбекұлы, тарих пәнінің мұғалімі – Махаева Айтбала, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Божанова Ақмарал, 11 «Б» сыныбының жетекшісі – Күлшайхан Еділ және ата – ана – Ақбаев Тұрлан

артқа тастап, мектеппен қоштасқалы отырмыз. Он бір жыл шәкірттері – біздерді ата – анамыздай мәпелеп, білім берген ұстаздарыма шын жүректен алғысымды білдіре отырып, мына қысқа ғана лебізімді арнаймын.

— Егер өмір алтын болса, зергері оның мұғалімі,

Егер өмір теңіз болса, гауһары оның мұғалімі.

Егер өмір жүзік болса, оның көзі – мұғалім,

Егер өмір ақын болса, оның сөзі мұғалім, - дей келе гимназиямыздың барлық педагог қауымына ғұмыр жастарыңыз ұзақ, денсаулықтарыңыз мықты болсын деп тілеймін. Біз сіздердей асыл жанның білім алдық деп мақтансақ, сіздер біздің болашақтағы жеткен жетістіктерімізге сүйсініңіздер демекпін. Сіздерге бас иіп, мың алғыс айтамын!

Дінмұхамед ШАМШАТОВ,
Алматы қаласы, М.Базарбаев атындағы
№138-гимназияның түлегі.
«Алтын» белгі иегері

— Біз күнделікті тәтті заттарға сатып алатын ақшамызды достарымызға жібереміз, - деді оқушылар.



Шетелдегі қазақ балалары да Қазақстанға көмек жинап жіберді

Ресей, Моңғолия мен Өзбекстандағы қандастарымыз еліміздегі еріген қар суынан және тасқыннан зардап шеккен халықтың жағдайына алаңдаушылық білдіріп, көмек қолын созып жатыр.

Ресейдің Омбы облысындағы қандастарымыз Солтүстік Қазақстан облысына жүк көлігіне тиелген азық-түлік, киім-кешек пен басқа да заттарды әкеліп жатса, Моңғолияның Баян-Өлгий аймағының тұрғындары да көмек беріп, қайырымды іске атсалысуда.

Қазақстанға гуманитарлық көмек мәселесін алғашқылардың бірі болып Баатаржав Жүкей есімді азамат көтерді. Ол Моңғолия қазақтарына Қазақстандағы бүгінгі қиын жағдай барша қазақтың басына түскен сын екенін айтып, үндеу жолдады.

Моңғолия қазақтары – атажұрттың шарапатын көп көрген елміз. Сонау төңкерістен бастап, 30-40-жылдардағы оқу-ағарту, өнер, мәдениет, театр, баспа саласындағы жасаған жақсылықтарын айтып тауыспаспыз. Тіпті, 80-жылдардың соңына дейін жолдаған том-том кітаптар, тонна-тонна оқулықтар, тең-тең газет-журналдар біздің рухани өсіп-жетілуімізге өлшеусіз үлес болды. Нарықтың алғашқы қиын кезіндегі 5 мың тонна бидай көмегі, 2016 жылғы сел апатында Бас министрінің өзі келіп, қомақты көмек көрсеткенін ұмытпауымыз керек. Қазақ елі әлемдегі бар қазақты бауырына алып, басына үй, алдына малын

салып, квота көмегін көрсетіп, баласын грантпен тегін оқытып беріп отыр. Қазақ еліндегі бүгінгі қиын жағдай – бар қазақтың басына түскен сын, – деді ол.

Осыдан кейін оның үндеуіне шетелдегі қандастарымыз қосыла кетті. Өлгий сұмынының жалпы білім беретін №1 мектебінен Жанар Ясымханқызы жетекшілік ететін 6 «Б» сынып оқушылары су тасқынына ұшыраған аймақтардағы балаларға арнап, 200 мың төгрөг (1 төгрөг – 0,13 теңге) жинап берді. Олар да үндеу жолдап, оны видеоға түсіріп, ел-елге, жер-жерге жіберді.

— Біз күнделікті тәтті заттарға сатып алатын ақшамызды Қазақстандағы достарымызға жібереміз, – деді оқушылар.

Соның нәтижесінде бүгін акция басталғаннан бергі 5 тәулік ішінде 5 043 048 төгрөг жиналды. Баян-Өлгий аймағы Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Кеңшілік Ақбапиұлы су тасқынына ұшыраған облыстардың халқына көмек көрсету одан әрі жалғасып жатқанын айтты.

Ташкент қазақтары да гуманитарлық көмекке ақша жинауды бастады.

«Қазақстандағы бауырларымызға жәрдемге қаражат жинай бастадық. Қолдан келгенше өз көмектеріңізді беріңіздер», – деді Өзбекстан астанасында тұратын белсенді қандастар.

**Фото: [facebook.com/mongoliaqazaqtary](https://www.facebook.com/mongoliaqazaqtary)
Halyq - uni.kz**

7- мамыр Отан қорғаушылар күні

Жас сарбаз

Не бір суық күз өтіп,
Бұрқасынды, боранды,
Отан шебін күзетіп,
Сарбаз елге оралды.
Аяғында етігі,
Белінде әсем белдігі.
Жалтыраған түймелі,
Жарасып тұр шинелі.
Қандай жақсы жүрісі?
Қандай ғажап тұрысы?
Күлімдеп тұр Оралбек,
Мен де сарбаз болам деп.

Абрахман Асылбек

Ұлым, ертең ұлдардың мерекесі

(7 мамыр – Қазақстан Республикасы Отан қорғаушылар күніне орай Әкенің кішкентай ұлына тілегі)

Саған сенім артады Әкең де, Анаң,
Дей берсін сен туралы:
«Ерке – балаң»,
Сондықтан күні ертеңгі мерекемен,
Сені де құттықтайды ертең Анаң.

Өмір жолдың көп десіп сынағы алда,
Анаң сені уатты жылағанда.
Әкең тұрды жаныңда сүйеніш боп,
Алғаш қадам басып сен құлағанда.

Көрінсе де өмір жол күндей бүгін,
Ұсынады ұлдарға ол бірдей жүгін.
Сондай кезде үнемі айналсоқтап,
Әке-шешен жаныңда жүрмейді, ұлым.

Қанбасаң да балалық ойынына,
Жігіт шақтың туады айы мына.
Сол кезеңде өмірде сен де Әкеңнің,
Мінгеспейсің үнемі қайығына.

Өмір – айдын, қаратып өзгелерді,
Сен де баптап саласың өз кеменді.
Өз кеменің боласың капитаны,
Қуу үшін арман жол – көздегенді.

Бозбалалық, жастықтың кештерінде,
Әкең солдат болып еді әскерінде.
Ат жалын тартып мінер шаққа келсең,
Сен де сарбаз боласың өскенінде.

Балалықтың сол кезде бәрі қалып,
Туасың Отаныңның бағына анық.
Тұрасың жігіттердің қатарында,
Бейбіт күнді күзетіп қару алып.

Тұла бойың шомылып бата нұрға,
Өсіп келе жатырсың Отаныңда.
Қаз-қаз басып жүрсең де әлі, ұлым,
Ендігі сен де ұлдардың қатарында.

Келтіріп бір күні елдің берекесін,
Боларсың, бәлкім, сен де ел еркесі.
Анаңның құттықтауын қабыл алайық,
Ұлым, ертең ұлдардың мерекесі!

Ғабиден Қожахмет

Ұлт сарбаздарына

Жаңғыртып сөздің салтын
көнергеннің,
Көнені жаңартса екен өр өлеңім.
Көсемдер топ алдында сөз бастаса,
Қол бастайтын осы ғой өрендерім.

Төскейде мал баққан ел қауға салар,
Билерім бар екпінді дауға салар.
Қазіргінің айбынды батырлары,
Осы міне жігіттер жауға шабар.

Қиқулайды қамшылап намыстарын.
Апайтөс адуынды арыстарым.
Елім аман,
Заманым тыныш болсын,
Жаттығуың оң болсын, жарыстарың.

Екі елді бір-бірімен талас құрған,
Билерім табыстырған, жарастырған.
Ханафидің жолында жүрген елді,
Неге бүгін жат ағым адастырған?!

Қайран жұртым нәр алып
шаттық нұрдан,
Қай кезде дәл осылай шаттық құрған.
Сыр бойына сарбазды жинап алып,
Төлеби дәл осылай жаттықтырған.

Улайды әр түрлі ойлар сананды мың.
Әр қилы алмағайып заман бүгін.
Қауып төнесе сап түзер осы өрендер,
Елінің ойлайтұғын амандығын.

Абдулмахмуд Пошатаев

Сурет: The Qazaq Times





Пән әдістемелік бірлестіктерінің жұмысының жүргізілуі мектеп мұғалімдеріне жақсы таныс. Мектептегі барлық пәндердің өз бірлестіктері бар. Айталық, бастауыш сынып, қазақ тілі мен әдебиеті, жаратылыстану, математика, тарих, ағылшын тілі, орыс тілі, көркем еңбек және дене шынықтыру пәндері мұғалімдерінің жұмысын үйлестіретін бағыт – бағдар беретін орта. Әдістемелік бірлестік ҚР - ның Конституциясын, ҚР Президентінің Жарлығын, ҚР Үкіметінің шешімдерін, бала құқығы туралы Тұжырымдаманы, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша білім беруді басқару органдарының сұрақтары, мектептің жергілікті құқықтық актілері мен жарлығын, директордың бұйрығы мен тапсырмаларын өз қызметінде басшылыққа отырып сақтайды. Мақсаты – мұғалімдер ұжымының кәсіби шеберлігін арттыру, оның шығармашылық қарымын, тұлғалық дамыту. Міндеттері - мұғалімдер ұжымын ғылыми – әдістемелік бастамалармен таныстыру.

Жаңашыл ұстаздар туралы сөз бастағанда, Абай атындағы мамандандырылған гимназия – интернатының ұстаздары әр пән бірлестіктеріне бірігіп, тағлымды тәрбие мен сапалы білім беруді ұстаздық парыз деп білеміз.

Өткізілетін семинар, тренинг, коучтар мен тәжірибе алаңдарының арнайы жоспары құрылады. Сол жоспарға сәйкес тақырыптар тандалып, бекітіледі. Атап айтқанда, «Мұғалімнің педагогтік әдебі мен мәдениеті» атты семинар – тренингке келген ұстаздар өзара бірқатар жаңалықтарымен таныстық. Семинар – тренингтің мақсаты – педагогтық әдеп туралы түсінік беру, мұғалім мен оқушылар арасында жақсы қарым-қатынас орнатуға ықпал жасау. Педагогтардың ұжымдық сыйластықпен бір-біріне сенім арту, бірлесіп жұмыс жасауға баулу, көңіл-күйлерін көтеру.

«Табысты мұғалім болғың келе ме?». Бұл гимназия – интернатында өткен коучингтің тақырыбы. Коучингке қатысушылардың қызығушылығын арттыру, әдістемелік көмек көрсету, жаңа тәсіл түрлерімен таныстыру, құзырлы мұғалімге тән белгілерді айта отырып, мысалдар келтіру, өткен оқу жылы бойынша үйренген әдіс - тәсілдердің тиімділігін айту. Коучинг – кезеңдерге, әрекеті мен мұғалімнің әрекеті деп үш кезеңге Коучингті ұйымдастырған қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші Мусаева Калдыкуль Шайдазимовна мұғалімдер бірауыздан ауық-ауық коучинг, семинар, форумдар ұйымдастырып, мектептегі тәлімгерлікті сапалы жүзеге асырып, мұғалімдер «Ашық айтсам...» деген кері байланыс жасады.

Гимназия – интернатында оқушылардың шығармашылық қабілетіне байланысты «Желілік Абай мектептері арасында өтетін республикалық «ЖАС ҚАЛАМ» шығармашылық байқауын өткізіліп тұрады. Байқаудың мақсаты - мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетін анықтап, қолдау көрсету және насихаттау. Ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейтіп, жас буынның тілдік қорын, сөйлеу мәдениетін, ой өрісін дамыту. Байқауға тек қазақ тіліндегі жұмыстар қабылданады. Байқауға әдепсіз сөздерді қамтитын, сондай-ақ үшінші тұлғалардың этикалық нормалары мен авторлық құқықтарын бұзатын туындылар жіберілмейді.

Гимназия - интернатында 1 шебер ұстаз, 11 педагог – зерттеуші, 8 педагог – сарапшы, 7 педагог – модератор, 6 санатсыз мұғалім бар. Пән бойынша ұстаздар оқушыларын қалалық, республикалық байқауларға, оқуларға қатыстырып келеді. Шәкірттердің жеке қабілетінің дамуына қосып келе жатқан ұстаздарымыз жетекшілік ететін оқушылардың жетістігі туралы мақтанышпен айтуымызға болады. Сәрсен Айнұр орыс тілі пәнінен Республикалық пәндер олимпиадасынан 3 – жүлделі орынды иеленді. Жетекшісі – Мурзекенова Ж.Ш., Нышанбаева Токжан жетекшілік еткен жалпы білім беру ұйымдарының 9 – 11-сынып оқушылары арасында өткізілген республикалық VI «Абайтану» олимпиадасының жеңімпаздарына Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің III – дәрежелі дипломына Нұржанқызы Ақерке III – дәрежелі диплом және «Дарын» Республикалық практикалық орталығының арнайы сертификатымен, Едильбаева Каусар, олимпиадада көрсеткен жетістігі үшін Грамотамен Қуандық Санжар марапатталды. Едильбаева Каусарға Алматы облыстық Білім басқармасының I – дәрежелі дипломы табысталды. Нұрболат Айша жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің жүлдегері атанды. Жетекшісі – Мусаева Калдыкуль. Жалмаханова Жайна Абдинабиевнаның оқушысы Дарханқызы Қарақат, Жандыкеева Жанар Мұратбековнаның оқушысы Мерекеұлы Сұлтан, Омарбекова Асельдің шәкірті Рүстемұлы Шалқар, Гизатуллина Жанар Райовнаның оқушысы Тәңірберген Іңкәр, Баянбекқызы Камшаттың оқушысы Дидарқызы Сезім, Борбасова Айнур Молдағалиевнаның шәкірті Хайратқызы Аяулым, Абдильдаева Гульмира Казтаевнаның оқушысы Тенизбай Ерсұлтан, Мурзекенова Жанар Шынасыловнаның оқушысы Сарсен Ернұр III – дәрежелі дипломға ие болды.

Алматы облысының білім басқармасы ұйымдастырған «Бас болып өнер білсең, тіпті жақсы» номинациясы бойынша жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткізілген облыстық Мәшһүр Жүсіп оқуларына қатысып, Быркия Майра мен Шербакын Ақниет «Айтып өткен ақында арман бар ма?» атты «Мұқағали Мақатаев» оқуларының III – дәрежелі дипломын иеленді. Жетекшілері – Жалмаханова Жайна мен Бердалиева Рысгүл.

ЫСҚАҚОВА Гүлнара Қожахметқызы,
Абай атындағы мамандандырылған
гимназия – интернаты директорының
оқу - ісі жөніндегі орынбасары.
Алматы қаласы

ҒАЛАМ

ҒАЖАПТАРЫ

34 млн жылдық тарихы бар өзен

Антарктиданың шығыс бөлігіндегі мұз қабатының астынан 34 млн жыл бұрын пайда болған ежелгі өзен анықталған.

Бұл жаңалықты Ұлыбританиядағы Дарем университетінің ғалымдары ашты. Мамандардың болжамынша, бұл Антарктида Гондвана суперконтинентінің құрамында болған кезінде қалыптасқан. Гондвана ыдырағаннан кейін Антарктида үшке



бөлінді. Олардың әрқайсысының арасында терең шұңғымалар орналасқан. Ауа райы бірден салқындағанда, таулардың басына қар түсті. Ал еріген сулар мұхитқа қарай ағып, өзен арнасы пайда болды. Міне, солар қаншама ғасырдан кейін мұз қабатынан табылып отыр.

Ең ұзын динозавр

Англияда ұзындығы екі автобустан асатын теңіз динозаврының сүйегі табылды.

Бауырымен жорғалаушының қаншалықты үлкен екенін ғалымдар нақты айта алмайды. Бірақ тұмсығы мен құйрығын қосқанда ұзындығы шамамен екі автобустың ұзындығымен бірдей екені анықталған. Бұл динозавр 202 миллион жыл бұрын мезозой дәуірінің триас және юра кезеңдерінің


шекарасында өмір сүрген. Сарапшылар оның жақтарының ұзындығы 25 метрге дейін жететін алып ихтиозаврға тиесілі екенін айтады.

Бірақ Дорсет жағалауындағы жартастан табылған плезиозаврдан ұзын. Алайда оның өлшемін нақты анықтау үшін толық бас сүйегі мен қаңқасын табу керек.




Нанороботтың көмегі

Сан-Диего қаласының медицина мамандары нанороботтың көмегімен адамның ауырған жеріне керекті дәріні дәл жеткізу сынағын сәтті жасады.



Бұл ғылыми-тәжірибелік зертханасында жасалды. Ғалымдар бұлшық еттің ауырған жеріне нанороботтың көмегімен дәріні дәл жеткізіп, адамның басқа мүшесіне оның кері әсер етуіне жол бермеген. Енді олар алдағы таңда нанороботтың көмегімен түрлі дертті емдеуге болатынын айтады. Алдымен нанороботтар ісік ауруларын емдеуге қолданылмақ.

Egemen Qazaqstan газетінен.



Қырғыз тарихын зерттеген ғалым

Шоқан Уәлиханов қырғыздардың ауыз әдебиеті шығармаларын зерттеуге де қызығушылық танытты. Батырлықты, халықтың тұрмыс-салтын баяндайтын ерте қырғыз жырларының мазмұндарының барша түркі халықтары ауыз әдебиеті туындыларымен байланысты екендігіне көңіл бөліп, оның маңызына тоқтады.

Ұлтымыздың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов бауырлас қырғыз халқының тарихын зерттеп, оны өз кезіндегі ресейлік, еуропалық ғылыми ортаға таратуда өлшеусіз қызмет атқарды.

Бұл тақырыпқа ол өзінің көптеген еңбектерін арнады. Оларда қырғыз жұртының қалыптасу кезеңдеріне, тарихи мекендеріне, руаралық қатынастарына, шаруашылықтары мен салт-дәстүрлеріне барынша кең көлемде сипаттама берді. Жекелеген ру басыларына анықтама жасап, олардың халық арасындағы қызметтеріне талдау жасайды.

Шоқан Уәлихановтың бұл зерттеулері қырғыздар туралы кеңінен тараған ауызша деректермен қатар, орта ғасырлардан бергі белгілі шығыс, орыс, батыс ғалымдарының, өлкетанушыларының шығармаларымен танысу, оларға ғылыми тұрғыда сараптама жасауы негізінде дайындалған. Оның пайдаланған сан-салалы деректерінің мазмұны бай, талдаулары мен қорытындылары өз дәуіріндегі және қазіргі мерзімдегі ғылыми ортада құндылығымен ерекшеленеді. «Қырғыз халқын, – деп көрсетеді Ш.Уәлиханов, – шығыс және қытай тарихшыларының баршасы да түбі бір түркі тайпалардың бірі деп жазды. Әбілғазы: «қырғыздардың

түпкі атасы Қырғыз Оғыздың (түркі халықтарының түпкі атасы) ұлы екен және тағысын тағылар» дейді [1, 76]. Яғни, Шоқан Уәлиханов бұл халықтың шығу, дамуының нақты, дәлелденген толық тарихы жоқ екендігіне назар аударады. Міне сондықтан да ол XIX ғасырдың ортасына дейін Орта Азияның негізгі тұрғындары болып келе жатқан қырғыздардың өткенін зерттеп, ғылыми тұжырым жасауға ден қояды.

Қазақ халқының тарихын зерттей отыра оның өткені, өзіне дейінгі мерзімдегі жан-жақты тұрмысы, салт-дәстүрі, рухани дамуы мен дүниетанымының тарихи көршілес, тіпті аралас орналасқан қырғыздармен тығыз байланыста болып келе жатқандығы да Шоқан Уәлихановты бұл халықтың тарихына деген қызығушылығын тудыруының басты себептерінің бірі деп есептеуге болады.

Осындай мақсатпен ғалым қырғыздардың барша өткеніне арналған деректер жинақтаумен айналысады. Аталған тұрғыдағы Шоканның: «...Қара қырғыздар Ордасы туралы этнографиялық жазбалар, статистикалық мәліметтер, та-

рихи ашылымдар, халық әдебиетінің ескерткіштері менің жазбаларында бірнеше дәптерге жазылған» [2, 350] деген сөздерінен оның бұл іске мақсатты түрде кіріскендігін көрсетеді.

Атап айтқанда, ол қырғыздардың көне тарихы туралы деректер беретін ортағасырлық шығыс ғалымдары Рашид ад-Дин, Әбілғазы, Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларынан басқа Фишер, Левшин, Мейндорф, Бичурин, Гумбольдт, Риттер, Клапорт, Абель-Ремюза, Семенов-Тянь-Шанский, т.б. еңбектерімен танысты. Омбы мұрағатындағы мәліметтермен жұмыс істеді. Осылар арқылы Шоқан Уәлиханов қырғыз халқының шығу тегінен бастап ХІХ ғасырдың ортасына дейінгі тарихына арналған ғылыми еңбектер дайындады. Қырғыздардың Орталық Азияның ертеден қалыптасқан, көпсанды, шаруашылығы өркендеген, салт-дәстүрі бай, ауыз әдебиеті мазмұнды халық екендігіне тарихи сараптама жасады. Оның «Қырғыздар туралы жазбалар», «Жоңғария очерктері» атты шығармалары осы тақырыпқа арналды.

«Қырғыз тайпасы өзінің таралуына қарай Орта Азияның ұлан ғайыр кеңістігін алып жатыр және оңтүстікке қарай созыла мекендейді. Қара қырғыздардың ұрпақтары Ыстықкөлден Гиссар мен Бадахшанға дейін, Созақтан Ақсу



мен Үш-Тұрфанға дейін шашырай қоныстанған» [1, 8] деп, олардың сол мерзімдегі мекендеп отырған жерлерін айқындайды. Одан әрі зерттеуші қырғыздардың арғы ата-бабаларының Алтайдан асып, Енисей маңайын қоныс еткендігін де жазады. «Қырғыздар тіпті Таң әулеті кезеңінен бұрынғы кездерде-ақ таулы елде, Кеме немесе Енисей бойында мекендеген. ...Абель-Ремюза оларды Таяу Азияның көккөзді алты халықтарының бірі деп санайды...» [1, 57] дей келе Шоқан қырғыздардың көне тарихына да талдау жасайды.

Бұл халықтың қырғыз аталуының тарихын қарастырып, оған өзіндік тұжырым береді. «...Біз қара қырғыздар, – деп көрсетеді зерттеуші осы мазмұнда, – Енисей хакастарына немесе қытайша атауы ки-ли-ки-цзы, қырғыздарға бара-бар деген ойға келдік, өйткені моңғолдар кезінде өмір сүрген қытай жылнамашысы ки-ли-ки-цзы жергілікті халықтың тілінде қырық қыз» дегенді білдіреді» [2, 362].

Шоқан Уәлиханов қырғыз халқының тіліне де назар аударды. Ол: «Қара қырғыздардың тілі түркі тектес. Кіші Бұхарада қолданылатын ауызекі тілге басқалардан гөрі жақынырақ. Бұл тілде араб және парсы тілінен келген сөздер өте аз, тіпті жоқ деп айтуға болады, оның орнына моңғол

және ескі түркі сөздері көптеп кездеседі» [2, 368] деп жазып, қырғыз тілінің көне түрік тілдері құрамына жататындығын, оның уақыт жағдайына қарамастан неғұрлым таза сақталғандығын атап көрсетті.

Шоқан Уәлиханов қырғыздардың ауыз әдебиеті шығармаларын зерттеуге де қызығушылық танытты. Батырлықты, халықтың тұрмыс-салтын баяндайтын ерте қырғыз жырларының мазмұндарының барша түркі халықтары ауыз әдебиеті туындыларымен байланысты екендігіне көңіл бөліп, оның маңызына тоқтады. «Аңыз-хикаялардың маңызды бөлігін генеалогиялық аңыздар құрайды. Осы аңыз-әңгімелер ру тұрмысына негіз болады. Рулардың арасындағы қатынас олардың түпкі ата-бабаларының туыстығына байланысты. ...Мұндай аңыздар халықтың құрамы мен құрылуын көрсететіндіктен зор маңызға ие» [2, 364] дей келе, зерттеуші қырғыз аңыздық шығармаларының біртұтас Түркі Елі тарихын негіздеудегі баға жетпес орнын көрсетеді.

Ғалым «...Ноғай жырлары. Олар қайсақтарда, өзбектерде, ноғайларда және қырғыздарда кездеседі. ...Олар халық рухын, ұғымдарын, дәстүрлерін, мінез-құлқын, өмір салтын тамаша бейнелейді, сондай-ақ филологиялық жағынан көрнекті, тарихи құндылықтан да кенде емес» [2, 365] деген тұжырым жасайды және бұл жырлардың Түркі жұртынан тараған өзбек, қазақ, қырғыз, тағы басқа халықтардың тамырлас, туыстығының айғағы екендігін атап көрсетеді.

Сонымен қатар Шоқан Шыңғысұлы – қырғыздардың «Манас» жырын алғаш рет жазбаға түсіруші, зерттеуші және насихаттаушысы. «Қара қырғыздардың ноғай жырларының қатарындағы, – деп жазады ол, – бір ғана жыры бар, ол – «Манас». «Манас» бір уақытқа келтірілген және бір ғана тұлға – батыр Манастың маңына топталған барлық қырғыз мифтарының, ертегілерінің, аңыз-хикаяларының жиынтығы. Бұл жазық далалық Иллиада тәрізді. Қырғыздардың өмір салты, дәстүрі, мінез-құлқы, географиясы, діни және медициналық білімі осы үлкен эпопеяда көрініс тапқан» [2, 366].

Шоқан Уәлиханов ғасырдан ғасырларға ұласып келе жатқан осы ауызша халықтық шығармамен толығынан танысты және аталған жырдың «Көкөтай ханның өлімі және оның асы» атты тарауын орыс тіліне аударды. Бұл аударма ХХ ғасыр басындағы Ресей географиялық қоғамының мүшелерінен жоғары бағасын алды.

Қорыта айтқанда, осындай бағалы ғылыми зерттеулер жасаған Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановты қырғыз халқының тарихын алғашқы зерттеуші деп атауға толық негіз бар сияқты. Ал мұның өзі тікелей көршілес қазіргі күнгі қазақ-қырғыз халықтарының, олардың болашақ ұрпақтарының өзара бірлік, туыстық, сыйластық қарым-қатынастарының одан ары нығайта түсуіне үлес қосады деп есептеуге болады.

**Ғани ҚАРАСАЕВ, т.ғ.д., профессор,
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Уәлиханов Ш.Ш. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Толағай групп», 2010. Т.2. – 464 б.
2. Уәлиханов Ш.Ш. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Толағай групп», 2010. Т.3. – 424 б.
13 сәуір, 2024 жыл

«Қазақстан тарихы» порталы

Есіл-Нұра арасындағы Мортық қалашығы

Сарыарқаның негізгі су артериялары Есіл - Нұра өзендері арасындағы алқап қазақ өркениетінің алтын бесігі. Бұл алқаптағы ортағасырлық қалалар туралы алғаш жазған академик Ә.Х.Марғұлан. Академиктің «Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане» мақаласында Нұра бассейніндегі жеті қалашықтың ішінде Мартық атауы кездеседі: «В 1949 году при обследовании долины низовьев р.Нұра, ... выявлено семь поселений, расположенных друг от друга в 15-20 км (шесть на правом берегу реки). Одно поселение со следами караван-сарая находилось в усальбе колхоза Оркендеу, другое – на Мартыке, третье – в Уялах, четвертое – на территории колхоза им. Тельмана, два возле гор Карт, и наконец, сравнительно крупный холм в устье р.Нуры, на ее левом берегу. Нами он отождествлен с древним Ботагаем» (Марғұлан, 1978, с.26). Бұл жазбадағы «Мартық» біз әңгімелеп отырған «Мортық» болуы керек деп есептейміз, мақалада ескерткіш туралы басқа мәлімет, орналасуы, сипаттамасы жоқ.

Сол себепті Мортық қалашығы Ақмола облысының жер-су атауларын зерттеуге бағытталған экспедициялық зерттеулер кезінде, 2020 жылы шілде айында қайта анықталды және алғаш сипаттамасы жасалды деп айта аламыз.

МОРТЫҚ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ АНЫҚТАЛУЫ

Біз Ақмола облысының жер - су атауларымен жұмыс барысында алдымен этимологияға, яғни атаудың қайдан шыққанына, мағынасына көңіл бөлдік. Егер жалпы Қазақстан бойынша алсақ, Мортық атауы бір - бірінен алыс бірнеше аймақта кездеседі және көне заманның обалары мен қорымдарына қатысты қолданылады. «Мортық» сөзінің түпкі мағынасын түсіну үшін Бұқар жырау мұрасы ішінде мына бір толғауды ескеру керек:

Ай не болар күннен соң,
Күн не болар айдан соң?!
Хандар киген қамқа тон,
Шүберек болар тозған соң.
Еңсесі биік кең сарай,
Мортық болар бұлген соң!
(Артықбаев, 2019. 113-115 бб.).

Ескеретін мәселе Бұқар жырау бұл толғауда кең сарайға байланысты «құлаған», «кираған» деген сөздерді қолданбайды, бүліншілікке ұшыраған ескі жұртты, қорымға айналған құрылысты айтып отыр. Мортық сөзінің түбірі «mort» үндісұрыпалық тайпалар ұлы даладан батысқа және оңтүстікке әлі көшпей тұрған уақытта, яғни б.з.д. III-II мыңжылдықтарда қолданылған. Оның түбірі праиндоеуралық мер- «өлу» (қара.: русск. мор, морг, лит. mirtis «өлім», латыш.: meris, готск. maur̆g «өлтіру», көне неміс тіл.: mord «өлтіру», ағылш.: murder «өлтіру», көне ирланд тіл.: marb «мәйіт», лат. mortuus «өлген адам», көне грек тіл.: βροτός «өлетіні хақ», армянск.: մարդ (mard) «адам», авеста тіл.: marəta- «өлетіні хақ»). Сонымен бірге Еуропада «mortyk» өлімді, кесірді білдіретін символ есебінде белсенді қолданыста жүрген ұғым екені белгілі (<https://www.google.com/search?q=mortyk&tbm>).

Қазақ тіліндегі «морт», «морт сынды», «мерт», «мерт болды» сөздерінің тарихы да сол ерте кезеңге барады, яғни біздің тамырымызда арийлік (ариан) қан тамшыларымен бірге сол замандағы сөздік қор да сақталған. Осы мортық сөзімен егіз қозыдай бірге жүретін шортық (shortyk), қортық (kortyk) т.б. сөздер де ежелгі ортақ тіл қорынан екені анық.

Мортық атауының мағынасын анықтаған соң, ескерткішті табу және сипаттау жұмыстары жүргізілді.

МОРТЫҚ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ОРНАЛАСУЫ

Мортықты Нұра бассейніндегі қалаларға шартты түрде, Есіл-Нұра қос өзен өркениеті контексті тұрғысынан ғана



қосуға болады. Шын мәнінде Мортқық қалашығы географиялық жағынан Есіл өзенінің сол жағалауында, Қараменді батыр (бұрынғы Семеновка) ауылына қарама - қарсы орналасқан. Қараменді жағынан қарасаңыз Есілдің ар жағындағы Мортқық ауылы көрініп тұрады. Мортқық ауылы мен Есілдің арасын жайылма қара сулар бөліп тұр. Егер автомобиль жолымен жүрсеңіз Астанадан Қараменді ауылына дейін 50 шақырым, одан әрі Есілден өтіп Жаңа Есіл ауылы арқылы 15 шақырым жүрген соң шағын ғана Мортқық ауылына келесіз. Совет кезеңінде Мортқық Новоошимка совхозының (қазіргі уақытта Жаңа Есіл ауылдық округі) бөлімшесі болған. Мортқыққа Қорғалжын трассасы арқылы да жетуге болады, ол үшін сіз Ақмол (бұрынғы Малиновка) ауылынан оңға қарай бұрыласыз. Егер сіз салт атпен тіке жүрсеңіз

уақытта саман кірпіштер көрінбейді, қарлығаштар да ұя салуды қойған.

Қалашықты тік төрт бұрышты деп сипаттағанмен, қорғанның оңтүстік жағына қарай батыс іргенің ішке кіріп кеткенін көреміз. Қалашықтың қорғанының батыс және шығыс іргелерінің ұзындығы 100 метрдей, ал ені солтүстік жағында 35, ортасында 45, оңтүстік басында 25 метрдей.

Қалашықтың солтүстік жағында кесене, не орда сияқты құрылыстың қирандылары жатыр, жалпы сұлбасына қарағанда үш камералы, күмбезі батыс жағында орналасқан ғимаратқа ұқсайды. Ауданы 8x8 метр. Бұл құрылыстың сыртында жеке ор қазылғаны шығыс жағынан жақсы көрінеді. Кесененің, не орданың кіре берісі шығыс қабырғасында орналасқан.

Кесененің шығыс қабырғасындағы ор арықпен жалғасқан, арық бүкіл қалашықтың ортасымен оңтүстікке қарай бағытталған және қалашыққа оңтүстік-батыс бұрыштағы кіре беріспен жалғасады.

Қалашықтың оңтүстік іргесіне таяу қос терек өскен, мүмкін бұл ол жерде ертеде бұлақ болғанын көрсетеді. Жалпы қалашықтың оңтүстік - батыс бұрышы түсініксіз. Бұл жер қалашықтың негізгі кіре берісіне, яғни қақпасына ұқсайды, бірақ Күйгенжардағы Өз Тәуке ханның жазғы ордасы сияқты қалашықтың кіре берісіне XX ғасырда бейіттер түскен себепті өзінің тарихи бейнесін жоғалтып қыраған. Қалашықтың ішінде бірнеше жерде үй - жайдың іргетасына ұқсас үйінділер бар, бірақ нақты сипаттау өте қиын. Жалпы солтүстік жағындағы негізгі ғимарат құлаған соң қалашық іші зиратқа айналып кеткен деуге болады.

Сыртқы қоршаудың батыс жағында арыққа ұқсас шұңқыр жерді көруге болады, оның не үшін қазылғанын анықтау қиын. Мортқық қалашығының оңтүстік іргесінің сыртында, көлге қарай егіншілік іздері байқалады.

Сонымен қорыта келе біз Есіл-Нұра арасындағы Мортқық қонысы Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты ескерткіш деп есептейміз.

Бұл қоныстың Мортқық атануына екі себеп бар деген пікірдеміз: біріншіден, табиғаты адам тіршілігіне, мал мен егіншілікке өте ығайлы Есілдің сол жағалауындағы аймақта ерте көшпелілер кезеңінде қоныс болғаны анық. Қазақ жерінде Мортқық атауы алдымен ерте көшпелілер өркениетінің материалдық белгілеріне, жерлеу орындарына қатысты қолданылды деп жорамал жасауымызға болады. Екіншіден, ерте көшпелілер қонысының үстінен Қазақ хандығы дәуірінде үлкен ғимарат (орда, кесене) көтерілген. Қалашықтың бекініс жүйесі, арық бұл жерде жаугершілік күшейген XVI - XVII ғасырларда саяси орталықтардың бірі болғанын көрсетеді.

Мортқық қалашығы орналасқан жердің табиғи көркемдігі, ескерткіштің жақсы сақталуы бұл жерде болашақта аспан астындағы музей ұйымдастыруға мүмкіндік береді деген пікірдеміз.

Әдебиет: Артықбаев Ж.О. Бұқар жырау: ғұмыр белестері. Астана: «Алтын кітап», 2019. 148 б.

Маргулан А.Х. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане//Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата, 1978. 214 с.

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ
«Қазақстан тарихы» порталы



ортағасырлық Мортқық қалашығы ежелгі Қараөткел (қазіргі Астана) қаласына өте жақын екеніне көзіңіз жетер еді.

МОРТЫҚ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Мортқық қалашығы ауылдың Есіл өзені жағына, Есілден шыққан қара сулардан пайда болған Мортқық көлінің жағасында орналасқан. Бүгінгі күні қалашық аумағы түгел зиратқа айналған, сыртынан төрт бұрышты шаршы формасында қоршалған. Жергілікті ауылдың адамдары зираттың Мортқық қалашығы орналасқан бөлігін «Ескі бейіт» деп атайды. Қалашықтың солтүстік - батыс мұртына жақын XX ғасыр басына дейін жұмыс жасаған «Сейтен мешіті» аталатын мешіттің орны жатыр.

Қалашық оңтүстіктен солтүстікке қарай созыла орналасқан, оңтүстіктік жағы сәл жоғары. Қалашықты қоршай биік қорған және оның сыртында терең ордың ізі бар. Қорғанның қазіргі биіктігі 1-1,5 метр, ордың тереңдігі әр жерде әр түрлі, орташа деңгейі 1 метр шамасында. Жергілікті адамдар (65-70 жас аралығында) өздерінің бала кезінде бекініс қабырғаларының жоғарғы жағындағы саман кірпіштері көрініп тұрғанын, оның жапсарларындағы қуыстарға қарлығаштардың ұя салғанын айтады. Қазіргі

«Бақытқа жету жолы қандай?»


Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл - Фараби ұстазымызды білмейтін адам кемде - кем. Әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі Аристотельден кейін "Екінші ұстаз" атағына ие болды. Әл - Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстырып, еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті...

Ұлы ұстаз - бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапханадан білім алған, парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алып, өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды. Бағдатта әл - Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында әл - Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім - тәрбие алып ой - санасын кеңітіп, ақылдылық пен парасаттылықты үйреніп, өзін - өзі білім мен ғылымға баулиды.

Әл - Фараби - көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең танымал ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ірі өкілі. Өзінің білімділігімен еңбегінің арқасында "Екінші Ұстаз" атанып тарихта өшпес із қалдырып, шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол - философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия. Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат" деп аталады. Оның атақты "Музыка туралы үлкен трактат" деген шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Ұлы ұстаз - философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің "Категориялар", "Метафизика", "Герменевтика", "Риторика", "Поэтика", бірінші және екінші "Аналитика", "Топикасы" және т.б көптеген еңбектеріне түсініктемелер жазды.

Платон және Аристотель философиясындағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді. Фараби Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да "Кемеңгерлік меруерті", "Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы", "Мәселелердің түп мазмұны", "Ғалымдардың шығуы", "Бақытқа жету", "Азаматтық саясат", "Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері" сияқты көптеген үлгілі болашақ ұрпаққа таптырмас мұра-философиялық еңбектер жазған. Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.



Бақытқа жету жолы қандай?

Бұл сұраққа жауапты Фараби ұстазымыздың «Бақытқа жету» еңбегі мен нақыл сөздері - терең мағынада, рухани жан дүниені зерттей отырып - «Адам баласының» өмірде бақытсыз болып туылмайтындығы, бақытқа жету - өз қолында екені жайлы керемет баяндалған.

«Адамның - тоқымашы не хатшы болып туылмайтындығы тәрізді,,»

Қайырмдылық пен қайырымсыздықта - жаратылыстан адам бойына өтпейді» - деген.

«Адам - өз ісінің білгірі, һәм шебері атану үшін - жақсы жұмыс істеп, оны жетік білуге ұмтылу керек» - деген.

«Адам - ізгі және қажетті шаруа атқарса - бәсі де жоғары болуы керек» - деген.

«Адам-қандай әрекет жасап,қандай іс істесе де - оның игілігі мен рахатына бөленуді мақсат етуі қажет» деген.

Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез -құлыққа байланысты екенін ерекше атап өтті. Мінез бен ақыл жарасса адамгершілік ұтады. Ұлы ойшылдың айтуынша, жылт еткен жалтыраққа қызыққан тұрақсыз көңіл емес, көркем мінезбен ұштасқан ақыл - парасат иесі ғана бақыт сырын аңғара алады. Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғары бақытқа жету болатын болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы керек.

«Адам өз өмірінің қожасы, сондықтан өз бағытын өзі жасауы керек .Ол кез -келген іске ұқыптылықпен қарап, жиған тергенін орынсыз шашпай, кез-келген адамға сырын ашпай, өзінің мақсат мүдделерін жақын жандарымен бөлісіп отыруы керек. Бақыт - ол адамның игілікті істері мен қол жеткізетін мақсаттың бірі деген - ұлы ұстаз! Адамдар- бақытты болу үшін қайырымды қоғам, қайырымды қала, қайырымды адамдар болу тиіс. Қазіргі әлемде бақытты мемлекеттер рейтингісі жиі жарияланып, қоғамда талқыланып және жан-жақты ат салысуда. Адамдардың бақытқа жетуі өз қолында екенін Фараби ұстазымыз бен ұлы ойшыл Абай атамиз сияқты тұлғаларымыз жазып болашақ ұрпаққа мұрағып тастап кеткен, сол жазбаны оқып білу, тану өз қолымызда - деп санаймын. Әлем адамдарына қайырымды қоғам қалыптастырып, бақытқа қол жеткізулеріне барлық адам атсалысып,бақытты қоғам қалыптастырамыз деп сенемін, сәттілік тілеймін!

Диас Сатыбалдыұлы
Абай атындағы РММИ,
Алматы қаласы 11 сынып оқушысы
Дереккөзі: kaznu.kz;
Сурет: Қазақстан Республикасының
Ұлттық архиві



ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ ЖӘНЕ ТАЙҚАЗАН

Халқымыздың салт - дәстүрінің білгірі, еліміздегі музей ісінің дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-этнограф **Өзбекәлі Жәнібеков** – ел үшін еңбегі ерен жан.

Төрткүл дүниеге аты мәлім, түркі жұртының ортақ шаңырағы – Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Тайқазанның Санкт - Петербургтің Эрмитаж музейіндегі көрмеден елге оралғанша қаншама тар жол тайғақ кешуді бастан өткергені белгілі.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесін музей етіп құруда, Тайқазанды елге қайтарып, қайта орнына орнықтыруда сол кезде мәдениет саласында қызмет атқарған, белгілі қоғам қайраткері, тарихшы - этнограф ғалым **Өзбекәлі Жәнібеков** ағамыздың сіңірген еңбегі ерекше орасан.



**Ержан Уәйіс, Манаш Қозыбаев,
Балғабек Қыдырбекұлы және
Өзбекәлі Жәнібеков**

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи - мәдени қорық - мұражайының қорында Жәнібеков есімімен байланысты біршама жәдігерлер бар. Ол 1978 жылдан бастап қорық - мұражай қорына өткізген Қабіржапқыш, Қоңырат кілем, Шұғыла кілем, бөлме жиһазы (Асадалға ұқсас жасалған), кесене тарихы мен осы өңірдің тұрмыс - тіршілігіне, жағрафиясына қабысатын көптеген жәдігерлерді Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік мұражайынан алдырып, қорық - мұражай қорына табыстады.

Соңғы жылдары көз майын сарқып «Алтынай», «Адырна» фольклорлық ансамбль қызмет-



керлеріне ұлттық нақышта тіктірген көйлегі, немересі Әзелге Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай тіктірген қазақы көйлегі (1989 жыл), сондай-ақ тұтынған заттары жинақтала бастады.

Өзбекәлі Жәнібеков 1931 жылы 28 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Сарықамыс ауылында қарапайым жанұяда дүниеге келіп, еңбекқорлығы мен ізденімпаздығы нәтижесінде жоғары білім алған. Еңбек жолындағы қызметін шәкірт тәрбиелеуден бастап, бойындағы тума талантының арқасында саяси қызметте аудандық комсомол комитетінен Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің Хатшысына дейінгі қызметті атқарған.

Ө.Жәнібековтің өмір жолына қарап отырсаңыз қызмет бабымен Қазақстанның қай өңіріне барса да, ел басқарудағы ерекше қасиеттері халқымыздың қазынасы - ұлттық өнер, салт - дәстүрді дәріптеудегі өнегелі істері ұшан-теңіз. Сондықтан да халқымыздың біртуар ұлы Ө.Жәнібековті туған жері, тек оңтүстік өңірі ғана емес барша қазақ мақтан тұтады.

**Дереккөзі: Әзірет Сұлтан Мемлекеттік Тарихи – мәдени музей – қорығының ресми сайты.
Суреттер: Qazaq gazetі**

АСТАНА. ҚазАқпарат – 1973 жылдың 3 сәуірінде, 50 жыл бұрын ұялы телефоннан алғашқы қоңырау шалынды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.



Ұялы телефон 50 жыл бұрын

АЛҒАШ РЕТ ҚОЛДАНЫСҚА ШЫҚТЫ

«Моторола» компаниясының инженері Мартин Купер осы күні AT&T Bell Labs телефонын жасайтын бәсекелесі Джоэль Энгелге ұялы телефонмен алғаш рет қоңырау шалған. Ұялы байланысты қолдану идеясы 1946 жылы AT&T Bell Labs мамандарының ойына келген. Бұл компания көліктерге орнатылатын радиотелефондарды алғаш болып жасап шығарған. Бірақ алғашқы ұялы аппаратын Моторола жасады. Алғашқы Motorola DynaTAC ұялы телефонын шағын құрылғы деп айтуға келмейтін еді. Оның салмағы 1 келіден астам, ұзындығы 22 сантиметр болатын.

Сыртқы түрі кірпішке ұқсайтын, деп

бөлісті rarephones.ru сайты. Motorola DynaTAC 8 сағат, ал сөйлесіп жатқан кезде 1 сағат бойы жұмыс істей алатын. Оны қуаттауға 10 сағаттан астам уақыт қажет еді. Оның дисплейі мен басқа да қосымша функциялары болған жоқ. Телефонның стационарлық антенні шығып тұратын. Оның беткі панелінде 12 батырма бар еді: 10 сан мен қоңырауды қабылдайтын және өшіретін 2 түймесі болды. Байланыс үзіліп кетсе, қайта қоңырау шалу үшін сандарды теретін. Motorola ұялы телефонының құны да бас айналдырарлық еді. Ол 3500 доллар тұратын.

Қазіргі уақыттағы премиум кластағы гаджеттер үшін де өте қымбат. Ұялы байланыс технологиясы 70-ші жылдары ғана сәтті болып, коммерциялық тұрғыдан сұранысқа ие бола бастады. Тек 1984 жылы АҚШ-тағы алғашқы Ameritech Mobile мобильді желісі іске қосылғаннан кейін бір жыл өткен соң, оператордың абоненттік базасы 12 мыңнан астам адамды құрады.

Статистикаға сәйкес, Қазақстандағы ұялы байланыс абоненттерінің саны 2022 жылы 25 млн-ды құрайды.

Ақбөпе Әбдрасул
Фото:britannica.com





Более 180 тысяч выпускников школ приняли участие в озеленении страны

В рамках экологической акции «Таза Қазақстан» одновременно во всех регионах страны прошел эко - челлендж «Түлектердің ағаш егу». Вместе со столичными школьниками специализированного лицея №82 «Дарын» принял участие министр просвещения Гани Бейсембаев, передает пресс - служба ведомства.



Во всех организациях образования Казахстана объявлен месячник «Ынтымақ айы», в рамках которого пройдут ряд республиканских акций, в т.ч. «Таза Қазақстан», «Игі істер», «Каникулда кітап оқиық» и др. Инициатива направлена на популяризацию добрых дел, повышения культуры и заботы об окружающей среде среди подрастающего поколения.

Побеседовав со школьниками, министр отметил важность озеленения и благоустройства нашей страны. Курс направлен на воспитание осознанного

потребления, грамотного обращения с отходами и бережливого природопользования.

«Экологическая культура начинается с чистоты своего дома, двора, улицы, школы и города. Мы должны заботиться о родной земле. Посаженное сегодня вами молодое дерево будет расти вместе с учениками школы и радовать всех нас. Но, прежде всего, важно бережно относиться к ним, не забывая поливать и ухаживать. Только так мы сможем оставить память о себе для последующих поколений», – сказал Гани Бейсембаев.

Эко - челлендж по посадке деревьев стал доброй традицией и проходит вот уже второй год в казахстанских организациях образования. К нему присоединяются родители, педагогическое сообщество, депутаты и общественные деятели фонда Земли «Устойчивое развитие».

В челлендже этого года приняли участие более 180 тысяч учащихся 9-11 классов. Всего высажено свыше 50 тысяч саженцев, цветов и древесно-кустарниковых растений. Неделий ранее алмагинскими школьниками вместе с министром высажено еще более четырех сотни плодовых деревьев.

GOV.KZ Министерство просвещения
Республики Казахстан

Мы едины и в этом наша сила...

«Только пустые люди не испытывают прекрасного и возвышенного чувства родины».

И. П. Павлов

В предверии празднования «1го Мая- Дня единства народов» 30.04.2024г. я, учитель русского языка и литературы в казахских классах, а также руководитель МО Джамангараева Лейла Оракбаевна в КГУ Школы-гимназии №133 провела масштабное мероприятие, состоящее из двух этапов: тематическое эссе среди учащихся 6,7,8,9,10,11 классов русского и казахского отделения. Тема была едина: «Единство народа – великая сила!» И вторым этапом было праздничное представление! Оба мероприятия были объединены общим лозунгом: «Сила Казахстана-дружба народов!» Удивительным и уникальным считаю тот факт, что мне удалось задействовать в концертной программе более 75 учеников из разных классов и параллелей: исполнители на музыкальных инструментах, танцоры разных жанров в разных возрастных группах и даже был свой хор. Программа состояла из песен, стихов, танцев, игры на инструментах, а также познавательной викторины. Всё прошло на высшем уровне! Дети не переставали удивлять своим мастерством! Думаю, я достигла всех поставленных целей:

1) Активизировать познавательную деятельность учащихся, объединив такие предметы как история, литература, музыка, хореография.

2) Воспитать у учащихся чувство толерантности по отношению к другим народам; ценить культурное наследие быть патриотом своей Родины.

Резюмируя столь масштабное мероприятие, хочу прокомментировать: «Несмотря на тот факт, что поколения меняются – такие ценности как дружба, толерантность друг к другу, патриотизм по отношению к своей Родине должны оставаться неизменными и мы взрослые в ответе за это!»

В настоящее время идёт становление новой системы образования, ориентированной на вхождение в мировое пространство, этот процесс сопровождается существенными изменениями в педагогической теории и практики учебно-воспитательного процесса. Обучение и развитие находятся в тесной и неразрывной связи. От того как организуется учебная деятельность зависит формирование и развитие личности в целом. Целью современного образования является не только личность с широким кругозором, развитым интеллектом, высоким уровнем образования, но и формирование духовной личности, будущее которой часто связано с развитием интеллектуального политического и



культурного уровня общества. Результатом воспитательной работы должно стать поколение людей, обладающих убеждениями, благородных, готовых к подвигу, тех которых принято называть коротким и «ёмким» словом «патриот».

Сегодня формированием патриотически ориентированной личности занимаются образовательные и общественные организации на государственном уровне. В условиях многонационального общества, главная задача учёных и педагогов состоит в том, чтобы сформировать образ «здорового» патриотизма, очищенного от примесей ксенофобии, национализма и этноцентризма и для этого необходимо учитывать исторический опыт.

Отличие современного Казахстана от других стран заключается в том, что она является многонациональной страной, конгломератом языков, культур, традиций и конфессий. И большинство народов, населяющих Казахстан, понимают, что основой формирования идеологии нового общества может стать казахстанский патриотизм, как национальная идея, способная сплотить граждан многонациональной страны.

Гостями праздничной программы были студенты и преподаватели ВУЗа – они были в восторге увидеть творчество наших детей и действие принципа: « НАСТАВНИК – УЧЕНИК» (... из искры возгорится пламя...)

Список использованной литературы:

«Обучение в системе непрерывного образования Республики Казахстан» - концепция министерства образования и науки Республики Казахстан – 2009 г.

Доклад: «Важность формирования духовно-нравственного воспитания» 2022 г. 29-30 марта автор: Джамангараева Л. О.

ДЖАМАНГАРАЕВА Лейла Оракбаевна,
Учитель русского языка и литературы;
КГУ «Школа-гимназия №133» г. Алматы

Более 70 команд со всего Казахстана стали участниками хакатона в Павлодаре. Используя возможности нейросетей, командам предстояло разработать приложение для проверки документов, программу для контроля за водителями и «финансовый помощник», передает корреспондент агентства Kazinform.



Сила нейросетей – победители хакатона в Павлодаре получили 1 миллион тенге

Конкурс для студентов-айтишников проводился в 5 этапов. Его участниками стали около 200 человек из 15 городов Казахстана. Свыше 13 часов члены жюри провели за оценкой проектов.

Команды должны были разработать авторский прототип. Выбирать можно было одно из пяти заданий. Первый вариант – разработать программу, которая поможет преподавателям определить использовались ли нейросети при создании студенческих работ. Также можно было создать «финансового помощника», который на основании выписки с банковской карты, сформирует рекомендации по экономии семейного бюджета.

В финал вышли 13 команд, из них – две павлодарских. Команда «Four Heads AIGT» взялась разработать инструмент, чтобы фильтровать данные, которые размещают пользователи соцсетей. Содержимое публикации нужно было проверять «на лету», чтобы блокировать нежелательный контент. Такой как: сцены насилия, контент из категории 18+, мат, спам-рассылки.

Павлодарские студенты из команды «null» решили разработать прототип системы для контроля за водителями в логистических компаниях. Студенты специально собрали модель машинки, которой можно управлять с телефона, и протестировали на ней приложение. Затем пересели на такси, чтобы испытать свою разработку в городских условиях.

— Мы создали мобильное приложение и сайт для мониторинга водителей. Это нужно для логистических компаний. То есть водитель скачивает мобильное приложение, и у диспетчера на сайте отображается локация водителя и также приходит уведомление о нарушениях - превышают ли они скоростной режим, лихачат или нет. Мы все сделали в рамках этого хакатона за 5 дней, - говорит лидер команды Даниил Барт.

Судили работы студентов не их преподаватели, а предприниматели, работающие в IT-сфере.

— Сам я родом из Павлодара, сейчас работаю техническим директором нескольких компаний. На первый хакатон меня пригласили в качестве члена жюри, меня это

вдохновило, понравились задания и участники, поэтому в этом году решил быть полноценным соорганизатором. У нас собралось 70 команд из 15 городов Казахстана. Акцент сделали на том, чтобы команды активно использовали в своих разработках искусственный интеллект: от готовых решений вроде чата GPT, Gemini, до использо-



вания собственных моделей. Около 5-6 команд использовали свои модели, сами их обучали, что очень радостно. Потому что, чем больше команд участвует в хакатоне, тем больше молодых специалистов появляется на рынке. И, следовательно, компании могут быть конкурентоспособны, потому что сейчас, уже ни один продукт не обходится без искусственного интеллекта, - отметил председатель жюри Паул Кукитз.

Общий призовой фонд хакатона «KuickHack'24» составил 1,7 миллиона тенге. Первое место заняла команда из Astana IT University. За победу они получили 1 миллион тенге. Второе место и полмиллиона тенге получили студенты Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова. Третье место у павлодарской команды «null», они получили 200 тысяч тенге.

Наталья Зинченко
Фото: Наталья Зинченко / Kazinform



Казахские национальные подвижные игры

АЛАМАН БӘЙГЕ.

Скачка на длинные и сверхдлинные дистанции, проходит на пересеченной местности, изобилующей различными естественными препятствиями. Огромное значение имеет тактич. мастерство спортсмена. Нередко побеждает не тот, у кого более резвая лошадь, а тот, кто умеет тактически правильно провести состязание, быстро оценить обстановку, хорошо готовить лошадь к скачке, распределять её силы на дистанции. Лошади Кустанайской породы хорошо скачут на длинные дистанции. В 50-х г.г проводились испытания скаковых лошадей на дальние расстояния.

БӘЙГЕ.

Один из самых популярных и широко распространённых казахских конных видов спорта, скачки на короткие и средние дистанции на местности, кроссовый пробег с общим стартом. Классификационные дистанции: 7,12 и 16 км. Байга на 7 км. Вошла как обязательная дистанция на конных-спортивных соревнованиях в конезаводах.

БУРКУТ-САЛУ, КУС-САЛУ.

Охота с ловчими птицами, имеет несколько видов, наиболее распространённая - с беркутом. Для проведения соревнования выбирается ровная площадка (поле), на которую выпускаются дикие звери, включая и волка. Победитель считается тот чей беркут первым поймал добычу.

ЖАМБЫ АТУ.

Стрельба из лука в цель, распространённый вид спорта в дореволюционном Казахстане. Среди казахов было много метких стрелков, так как меткость наряду с силой, ловкостью и смелостью считалась неотъемлемым качеством настоящего джигита. Стрельба из лука имела несколько вариантов: стрельба стоя на земле, стрельба сидя верхом на лошади и на скаку лошади. В последнее время наиболее популярной была стрельба стоя на земле. Целью для стрельбы служил Жамбы (серебряный диск), который подвешивали на тоненькой верёвке (из конских волос) к перекладине высокого столба. Попасть в цель удавалась редким стрелкам. Наиболее рациональным считался способ прицеливания в верёвку. Нужно было точным попаданием перебить её, чтобы висящий диск упал на землю. Современные соревнования по жамбы ату проводятся по правилам, учреждённым Госспорткомитетом республики. Они предусматривают конную скачку с метанием копья в цель (вместо стрельбы из

лука).

ЖАЯУ ЖАРЫС.

Бег по пересечённой местности, с давних времён входит в программу спортивного праздника. До революции пользовался большой популярностью среди беднейших слоёв населения, которые не имели возможности организовать соревнования с дорогостоящими призами. Почти ничем не отличается от кросса.

ЖОРҒА ЖАРЫС.

Соревнования на иноходцах. Своеобразный вид скачек для лошадей, владеющих особой поступью, мягкостью, ритмичностью в своей ходьбе и беге. При иноходи правая передняя и правая задняя (левая передняя и правая задняя) ноги лошади выносятся вперёд одновременно. Во время состязаний хорошие иноходцы никогда не переходят на обычный бег. За каждое нарушение этого правила иноходцы штрафуются; после третьего нарушения снимаются с соревнования. Обычно принято, что в состязаниях иноходцев участвуют наездники-девушки и молодые женщины в праздничных национальных костюмах. Классификация дистанции 2-3 км. для женщин и 4-6 км для мужчин.

КӨКПАР.

Конно-спортивная борьба, борьба всадников за овладение тушей козла: кокпар- кокбори означает по казахский серый волк. Для кочевников волк был злейшим врагом, и если кому нибудь удавалось убить хищника, он должен был его голову преподнести родоначальнику, как символ героизма: тушу отдать собравшимся на растерзание. День убийства волка становился своеобразным праздником. Каждый старался унести тушу волка к себе в аул, из-за чего возникала борьба за овладение тушей. Но не всегда были убиты волки, и в этих случаях обезглавленный козёл заменял тушу зверя. До нас дошло только название «серый волк», а форма и содержание игры изменились в соответствии с социально-экономическими условиями жизни.

Кокпар и в наши дни остаётся одной из любимых конно-спортивной игры народа, без которого не проходит ни одно торжество и массового развлечения. Игра имеет два варианта –наиболее распространённым является жалпы-тартыс, когда в игре участвует большое количество всадников, которые борются за овладения тушей каждый самостоятельно. Другой вариант -Дода-тартыс, когда борьба идёт между



группами, состоящими из определенного количества всадников. С 1958 соревнования проводятся на скаковой дорожке ипподрома. Продолжение игры 5-15 мин.. До 1958 кокпар проводился на праздниках на отгонах, в аулах без утвержденных правил. На 1-х Всесоюзных конно-спортивных соревнованиях кокпар был включен как один из основных видов программы состязаний.

КЫЗ-КУУ.

Народная конно-спортивная игра, проводится на скаковой дорожке ипподрома, дистанция 300-400 м. На старте ставится два передвижных флажка в 10 м. друг от друга. У первого флажка стартует девушка. Пересечение линии флажков девушкой даёт право джигиту догонять её. Для удобства нужно подряд пропустить все пары в одну сторону, последовательно одна за другой. Затем обратно в том же порядке, только наоборот – девушке предоставляется право догонять джигита. Содержание игры заключается в том, что в первом случае джигит старается догнать девушку. Если ему удастся это сделать, он считается победителем и ему предоставляется право на скаку поцеловать девушку. Если же девушке на обратном пути удастся догнать джигита, она считается победительницей и ей предоставляется право бить камчой нерасторопного юношу. Игра быстро распространилась среди других народов.

САЙЫС.

Сайыс – единоборство всадников на пиках, представляет собой один из старинных военизированных игр, устраиваемых только на особо крупных торжествах. Встречался он и у киргизов. Бойцы для поединка выставлялись из различных родов или между соседними народами, как, например между казахами и киргизами на юге Казахстана. Участники снаряжались необходимой экипировкой, вооружались длинными деревянными копьями с тупым концом. Цель поединка – выбить соперника из седла или нанести ему тяжёлый удар, чтобы он не мог продолжить единоборство. Нередко бывали смертельные случаи, а накалённые страсти приводили к серьёзным столкновениям между родами. Впоследствии это игра была запрещена царской администрации.

АУДАРЫСПАҚ.

Борьба на лошадях с целью сбросить соперника с седла. Участвовали только зрелые мужчины, обладающей большой физической силы, ловкостью, выносливостью и умелым владением конем. Обычно такие мастера выставлялись на состязание от имени целого аула и рода.

КАЗАХША КУРЕС.

Большой популярностью в народе пользовалась борьба казахша курес, разновидность которой встречались и у других народов Средней Азии. Видимо, первоначально все виды борьбы были порождены необходимостью рукопашной схватки во время близких боёв. Казахша курес проводился на всех празднествах между известными силачами. Борцам были известны разнообразные приёмы, включая подножки и подсечки,



а также броски стоя и падением, повороты с рывками и зацепами. Отличительной чертой казахша курес является отсутствия борьбы в партере и производится они только на поясах и стоя. Изучение диалектики понятий и сферы действий физической культуры привело нас к употреблению термина «межнациональное» в данной области. Известно, что многие народы издревле живут по соседству, имеют много общего в жизненном укладе, обычаях, традициях и в культуре в целом. Много общего и в сфере национальных форм и средств физической культуры. Важно в данном случае отметить, что межнациональное в физической культуре, спорте проявляется более ярко. Это связано, прежде всего, не столько с их формой, сколько с их содержанием, внутренней структурой.

Список используемой литературы:

- 1) «Казахи»-Алматы: Казахстан 1995 г.
- 2) Казахская ССР, краткая энциклопедия. Том 3. с-457. Алматы 1989г.
Kitaphana.kz; Sirboyi.kz; e-history.kz| bassport.kz; Dalanews.kz



The Guinness Book of Records 2024: unusual achievements that are interesting to learn about

A record in juggling

Simeon Graham, 15, from Birmingham, UK, actually broke three records in juggling - in terms of the number of objects thrown and caught per minute:

a maximum of 423 times per minute of juggling 5 balls;

the maximum per minute of juggling 6 balls is 396 times,

the maximum per minute of juggling 7 balls is 378 times.

Eternal childhood

At what age is it better to stop collecting teddy bears? Some might say that in adolescence.

Try telling this to Nicholas Cherrywood from the USA, who is already about 20 years

old, but he has the largest collection of Care Bears in the world. It is reported that the cost of his 1,234 lovely companions is about 125 thousand dollars.

The most magnificent men's hairstyle

Amir Menendez is only 14 years old, but he "grew" on his head, according to the Guinness Book of World Records, the world's largest afro-like face for a male.

His impressive head of hair has a height of 19.67 cm, a width of 24.83 cm and a circumference of 226 cm.

A real big guy

13-year-old Tommy from Massachusetts is a purebred "brown Swiss", who is the tallest bull in the world with a height of 187 cm.



The average height of a Brown Swiss bull ranges between 142 cm and 154 cm, which makes Tommy more than 30 cm taller than the average bull.

Tommy is pictured here with his loving owner Fred Balavender.

Pushing the boundaries

Briton Tom Enoch, who suffers from Down syndrome, holds 24 Guinness World records related to fitness.

His latest record is for the number of "burpee push-ups" in one minute: he did 16. For those who do not know, this is a push-up, which includes starting from an upright position, then squatting, then one push-up, then returning to the starting position and then from the beginning.

In total, this year's Record Book includes more than 2,600 achievements. In nine fact-packed chapters and five special materials, there are stories about other unusual record holders - the giant Pacific octopus, incredible strongmen, witches, celebrities and many others.

<https://www.unian.net/curiosities/kniga-rekordov-ginnesa-2024-neo-bychnye-dostizheniya-o-kotoryh-interesno-uznat-12392979.html>

Алатау бөктері

Алатау бөктері –
Толған алма ағаш.
Алатау көктемі –
Ылғи қарбалас.
Алатау бұлағы –
Бұйра, бұла су.
Алатау шынары –
Шыңға бір асу.
Алатау нөсері –
Наркескен найзағай.
Шалғын өседі,
Судырлап, ғажап-ай...
Самалы еседі,
Сергек желпініп.
Сау желіп көшеді
Бұлттары жөңкіліп.
Маңғаз шындардың
Мақпал шапаны.
Мойыл нулары
Ойға батады.
Ойға батады
Алып тұлғамен.
Тулап жатады
Сулар жылғамен.
Шындары мәңгілік –
Асқақ ақ отау.
Сұлулық сандығы –
Алатау, Алатау!

Кеңшілік Мырзабеков
Сурет: Globalnews